



«РУХЫ МЕН НАМЫСЫ СӨНГЕН ЕЛ – ӨЛГЕН ЕЛ»



«Жаным арымның садақасы» деген мақалдан бүгінде мән кеткендей. Бұл ұғымның аясы тіпті ұлт деген ұлы ұғымнан тарылып, жеке адамның құндылығы, жеке адами қасиет деген қағидалардан да алыстап барады. Неге біз жеке құндылықтарымызға қатысты мәселеде немқұрайлы ұлтқа айналдық? Ұлттық намыс, азаматтық, адами ұстанымдар мен бір кездері біз мақтан тұтқан салт-дәстүр, ұлттық мінездерден қалай айырылдық? Өзімізді өзіміз сыйлай алмай отырғанда, өзгеден ұлттық дәстүріміз бен тарихымызға құрметті талап ете аламыз ба? Қазақстандай алып мемлекетті мекен еткен өзге ұлт өкілдеріне қазаққа қадірлі дүниелерді қалай құрметтете аламыз?

(Соңы 3-бетте)

ҚАЗАҚСТАН
ТӘУЕЛСІЗДІГІНЕ

30 ЖЫЛ



КОРОНАВИРУС ЖҰҚТЫРҒАН
БАЛАЛАР КӨБЕЙДІ

3-бет



КӨРГЕНІ ЖАҚСЫ
КӨШ БАСТАР

6-бет

СҰХБАТ



Зәуреш ӨМІРБАЕВА,
«Алматы қаласының кәсіподақ орталығы» аумақтық кәсіподақтар бірлестігінің төрайымы:

«АДАМ ӨМІРІ МЕН
ДЕНСАУЛЫҒЫНАН
ЖОҒАРЫ
ҚҰНДЫЛЫҚ ЖОҚ»

Еңбек қауіпсіздігі, еңбекті қорғау мәселелері қай уақытта болмасын өзектілігін жоймайды. Бұл бағытта аумақтық кәсіподақтар бірлестігінің атқаратын қызметі мен қоғамдағы рөлі өте зор. Сол себепті тұрғындарының саны жағынан республикада ең алдыңғы орында тұрған «Алматы қаласының кәсіподақ орталығы» аумақтық кәсіподақтар бірлестігі төрайымынан еңбек адамының құқын қорғаудағы жай-күйі туралы сұхбаттасқан едік.

(Соңы 5-бетте)

КӨКЕЙКЕСТІ

ҚУАНЫШ ҰЗАҚҚА СОЗЫЛМАДЫ

ӨР ҚАЗАҚТЫҢ ӨУЕЛГІ АРМАНЫ – БАСПАНАЛЫ БОЛУ. «ӨЗ ҮЙІМ – ӨЛЕҢ ТӨСЕГІМ» ДЕМЕКШІ, ӨЗ ШАҢЫРАҒЫҢНЫҢ ТӨРІНДЕ ШАЛҚАЙЫП ЖАТҚАНҒА НЕ ЖЕТСІН, ШІРКІН! БІРАҚ ЖИҒАН-ТЕРГЕНІНДІ ТҮГЕЛ САЛЫП АЛҒАН ҮЙІҢ САПАСЫЗ БОЛЫП ШЫҚСА, ҚУАНЫШЫҢ ҚАС-ҚАҒЫМДА ҚАЙҒЫҒА ҰЛАСАДЫ. ӨСКЕМЕНДЕГІ БАУЫРЖАН МОМЫШҰЛЫ КӨШЕСІНДЕ ОРНАЛАСҚАН КӨПҚАБАТТЫ ТҰРҒЫН ҮЙДЕН ПӘТЕР АЛҒАН ЖҰРТТЫҢ ХӘЛІ ҚАЗІР ДӘЛ ОСЫҢДАЙ КЕЙІПТЕ. СЕБЕБІ, ЕКІ-АҚ ЖЫЛ БҰРЫН БОЙ КӨТЕРГЕН ҮЙДІҢ ҚАБЫРҒА ҚАПТАМАСЫ АЙДЫҢ-КҮННІҢ АМАНЫНДА ОПЫРЫЛЫП ТҮСІП ЖАТЫР.

Жуықта Бауыржан Момышұлы көшесіндегі 9 қабатты тұрғын үйдің қабырғасына қапталған материалдың тігісі бұзылып, түсіп жатқандығы туралы бейне материал әлеуметтік желілерде қызу талқыға салынды. Осыған орай аталмыш үйге барып, тұрғындармен тілдесіп көрген едік.

«Баспаналы болдық» деп бөрімізді аспанға атып жүрсек, қуанышымыз ұзаққа созылмайды. Үйдің сапасы сын көтермейді. 2019 жылы пайдалануға берілген үйдің сыртын қаптаған материал 2 жылға жетпей сөгіліп түсе бастады. Үйлі болдық деп қуанып та үлгері



ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАРҒА ДЕГЕН ҚҰРМЕТТІ ҚАЛАЙ АРТТЫРАМЫЗ?

ОЙТАЛҚЫ

Өмірәлі ҚОПАБАЕВ, заңгер:

– Тұтас ұлттың тіліне, мәдениетіне, жеріне, жалпы халқына тіл тигізушілерге жаза қатаң болуы керек. Негізі бізде әлеуметтік, ұлттық, рулық, діни араздықты қоздырған дарды жауапқа тарту туралы арнайы заң бар. Егер адам қандайда бір араздықты қоздыру үшін әрекет етсе, онда ол осы аталған бап бойынша жауапқа тартылуы тиіс. Мәселе, осы заңның орындалуында болып тұр. Бәрін кешірім сұратып, кешіре берсек, әрине, ұлтты сыйламаушылардың қатары арта береді. Сондықтан әлі де болса осы заңды күшейту керек. Ұлттың намысына тиюге болмайды.

«Өз-өзіңді жаттай сыйла, жат жаныңнан түңілісін» деген сөз бар.

Соңғы кездері ұлт намысына тиетін түрлі әрекетімен көзге түсіп, қоғам наразылығын тудырып, артынша кешірім сұраған бейнежазбасымен жауапкершіліктен оңай құтылып кететіндердің қатары артып барады. Бұл ұлт намысын төмен бағалағанымыз ба, әлде тәртіп бұзушыларға қатысты жазаның жеңілдігі ме?

Дос КӨШІМ, саясаттанушы:

– Кешірім сұрап жатса да, кешірім бермеуімізге болады ғой. Өзімізге де сол кешірім сұрай салғаны, сөйтіп істі тезірек жылы жауып қоя салғанымыз керек болып отырған секілді. Әйтпесе, «намысымызға тиді» деп сотқа бергендер, әлеуметтік желіде наразылық танытқандар істің жылы жабылғанын қаламаса, қайтадан үстінен арыздануларына болады. Бірақ біз көбінесе мұндай істерге самарқауымыз. Соттасып жүргізіміз келмейді. «Арызқой» деген сөзден қашамыз. Ал шетелде соттасу деген өз құқығыңды қорғау болып саналады. Біз үшін істің тезірек біткені керек болып тұрады. Сондықтан намысқа тиюшылар де көбейіп барады деп ойлаймын. Кешірім сұрай берсін, онысын кішкене де болса жазасын жеңілдететін қадам ретінде қарастырайық.

(Соңы 3-бетте)

Атырау облысы бойынша Соттар әкімшісінің ақпараттық қамтамасыз ету бөлімінің басшысы Боранбай Ғалиевтің зейнетке шығуына байланысты салтанатты жиын өтті. Оған облыстық соттың ұжымы, бейнебайланыс арқылы аудандық және оларға теңестірілген соттардың төрағалары мен судьялары, Жоғарғы Соттың Коммуникация орталығының өкілдері қатысты.



ЕҢБЕГІМЕН ЕР СЫЙЛЫ

Жиынға қатысқан Атырау облыстық сотының төрағасы Бауыржан Жұмағұлов пен Жоғарғы Соттың баспасөз қызметінің басшысы Айдос Сәдуақасовтар Б.Ғалиевтің еңбекқорлығы мен жоғары кәсіби деңгейін сөз ете келе, оның баспасөз хатшысы болып жұмыс істеген жылдарында сот тарихының шежіресіне, сот төрелігінің ашықтығы мен жариялылығын қамтамасыз етуге қосқан зор үлесін атап өтті. Облыстық соттың үйлестіруші-судьялары Марина Черняховская, Дина Тухфатова, Судьялар одағы филиалының төрағасы Жасұлан Жаксылық пен басқа да азаматтар Б.Ғалиевке жылы лебіздерін білдірді.

Боранбай Ғалиевке ІІІ дәрежелі «Мінсіз қызметі үшін» ведомстволық медалі, Жоғарғы Сот Аппараты мен Атырау облыстық соты төрағасының алғыс хаттары салтанатты түрде табыс етілді.

АНЫҚТАМА:

Боранбай Ғалиев С.Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетін «Филология» мамандығы және Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетін «Құқықтану» мамандығы бойынша бітірген. Б.Ғалиев жалпы 48 жылдық еңбек өтілінің 13 жылын сот жүйесіне арнаған.

Ол әр жылдары «Заң газеті», «Ана тілі», «Шұғыла», «Орал өнері» басылымдарында журналист болып жұмыс істеген. 2008 жылдан бастап Атырау облыстық сотының баспасөз қызметін басқарды.

Б.Ғалиев «Жүрекке тұнған сағыныш», «Жүрегімнің түбіне терең бойла», «Аманат» жинақтарын, сондай-ақ Қазақстан сот жүйесінің тарихына арналған кітаптарды басып шығаруға тікелей қатысты. 2016 жылдың қорытындысы бойынша «Атыраудың үздік авторы» атағына ие болды. Облыстық сот мұражайының құрылуы мен ашылуына өз үлесін қосты.

Атырау облыстық сотының баспасөз қызметі

ӘКІМДЕР «ТӨРТІП БҰЗДЫ»

Әдеп жөніндегі кеңесте Байғанин ауданы әкімінің орынбасары, аудандық жер қатынастары бөлімінің басшысы, аудан әкімі аппаратының бас маманы-заңгеріне, Қарауылкелді, Ащы, Көлтабан, Қызылбұлақ, Миялы, Жаңажол, Жарқамыс ауылдық округтерінің әкімдеріне қатысты тәртіптік іс қаралды.

Кеңесте аудан әкімінің орынбасары баласының атындағы «Абдулла» ШҚ-на ауданға қарасты қосалқы жер қорынан 15 бас малы бола тұра, жайылымдық мақсатқа 2400 га жер берілгендігі айтылды. Конкурс комиссиясының бұл шешімін көрген соң өтінімі қанағаттандырусыз қалған «Шаттық» ШҚ иесі аудан әкімдігіне шағымданған болатын. Аудан әкімінің орынбасары комиссия төрағасы бола тұра мүдделер қақтығысының орын алуына жол берген.

«Мен комиссия мүшелерінің барлығына жауап бере алмаймын, әрқайсысының өз пікірі бар, кімге дауыс беретіндігін өздері шешеді» – деді аудан әкімінің орынбасары комиссия мүшелеріне.

Сонымен қатар «Райса», «Төре» және «Нұр» ШҚ-ның жеке қаражаттарының инвестицияға жатпайтындығын

алға тартып, берген өтінімдері комиссия мүшелерінің ашық дауысына салынбай, заңсыз алынып тасталынған. Шешіммен келіспеген жер комиссиясы мүшелері жазбаша пікір білдіру құқығын пайдаланбаған. Кәсіпкерлік кодекстің талаптарына сәйкес, кәсіпкерлік қызмет үшін инвестор салатын мүлктің барлық түрлері инвестициялар болып табылатындығына қарамастан, шаруа қожалықтарға жеңімпаз атануға мүмкіндік бермеген.

«Қаражаты инвестицияға жатпайды деген әңгіме болған емес, комиссия хатшысы мен төрағаның айтуынша, аталған ШҚ-ның құжаттары толық емес болғандықтан қайтарылды, өз басым дауыс беруге салуды ұсындым», – деді Жаңажол ауылдық округінің әкімі.

Кеңес мүшелері Байғанин аудандық жер қатынастары бөлімі басшысының бір жыл ішінде қайталап теріс қылық жасауына байланысты атқаратын мемлекеттік лауазымынан босату түріндегі тәртіптік жаза қолдану ұсынса, қалған қызметкерлерге қызметке толық сәйкес еместігі туралы ескерту түріндегі тәртіптік жаза қолдану шешімі қабылданды.

ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Ақтобе облысы бойынша департаментінің баспасөз қызметі



КІНӘНІ ӨЗГЕДЕН ІЗДЕМЕГЕН ДҰРЫС

Тіл – халықтың жаны, ұлттың тірегі. Тілдің жойылуы ұлттың жойылуына алып келері сөзсіз. Себебі, халқының саны көп болғанымен, әлемдік қарым-қатынас құралына айналған тілдерді үйренуге ынта танытқан елдер өз ана тілін ығыстырып, қолданыстан шығаруда.

Біз осындай қателіктерден сабақ алып, қазақ тілінің тұғырын биіктетуге бір кісідей атсалысуға тиіспіз. Қазақстандағы мемлекеттік тіл – қазақ тілі. Орыс тілі ресми тіл деп танылған. Дегенмен, мемлекеттік тілдің қолданысы көңілден шықпайтын кездер баршылық. Мұндай кемшіліктен сот саласы да ада емес. Өйткені, Азаматтық іс жүргізу кодексінде талап арыз қай тілде жазылса, сот ісі сол тілде жүргізілетіні көрсетілген. Қазақшамыз жылдан жылға жақсарып келе жатыр дегенімізбен, сотта қаралатын істердің басым бөлігі әлі күнге ресми тілде қаралатынын жасырудың қажеті жоқ. Талап арыздардың

ДӘЛЕЛДЕУ АУЫРТПАЛЫҒЫ КІМГЕ ЖҮКТЕЛГЕН?

2021 жылдың шілде айынан бастап елімізде Әкімшілік рәсімдік-процестік кодекс қолданысқа енгізіледі. Қазақстанның құқықтық кеңістігінде тұңғыш рет қолға алынып, әкімшілік әділет институтына жол ашқан бұл заңнаманың азаматтарға тигізер пайдасы ұшан-теңіз. Біздің елімізге таңсық көрінгенімен, әкімшілік әділет қағидасы дамыған елдердің көпшілігінің тәжірибесінде бұрыннан бар. Айталық, Германияның арнайы тәуелсіз әкімшілік соттары әлемдегі ең сәтті тәжірибе ретінде оң бағаланады. Бұдан бөлек, Еуропа, Балтық елдерінде, посткеңестік мемлекеттердің көпшілігінде әкімшілік әділет өзін-өзі ақтаған жоба. Демек, қазақстандық сотқа бағдар болар, жол көрсетер озық тәжірибелер бар.

Бұл әкімшілік әділеттің де, оның заңдық негізі саналатын Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексі де қоғамнан тез қолдау табуына ықпалын тигізеді. Француздың атақты жазушысы Виктор Гюго «Күштің кімнің жағында екені маңызды емес, маңыздысы – заңның кімнің жағында екенінде» деген екен. Жазушы пайымымен бағалар болсақ, шынында да Әкімшілік рәсімдік-процестік кодекс – нағыз халықтық заң.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Жолдауда берген тапсырмаларына сәйкес әкімшілік әділеттің іргетасын қалаған жаңа кодекстің күшіне енетін кезі жақын. Жоғарғы Сот пен Әділет министрлігі бірігіп әзірлеген кодексте Президент ұсыныстарының бәрі ескерілген. Соның ішінде маңыздысы – әкімшілік іс жүргіздегі дәлелдеу ауыртпалығына қатысты.

Бүгінгі күнге дейін жария-құқықтық қатынастардан туындайтын, бұзылған немесе дау айтылатын құқықтарды, бостандықтарды немесе

занды мүдделерді қорғау және қалпына келтіру мақсатында сотқа берілген даулар ҚР Азаматтық процестік кодексінің аясында реттеліп келгені белгілі. Сонымен қатар, еліміздің құқықтық кеңістігіндегі кодекстерде сот ісін жүргізу тараптардың жарыспалылығы негізінде жүзеге асырылған еді. Ал ӘРПК-нің ерекшелігі сол, мұнда соттың белсенді рөлі қағидаты белгіленіп, сол арқылы сотқа өз бастамасымен немесе іске қатысушылардың уәжді өінісхаты бойынша қосымша материалдар мен дәлелдемелерді жинау құқығы берілген. Бұл жанашылдық судьяның бұрынғыдай әкімшілік процеске қатысушылар түсініктемесімен, ұсынған дәлелдемелерімен шектеліп қалмай, белсенді рөл атқаруына мұрындық болады. Бұдан бөлек, енді дәлелдемелерді жинақтау міндеті талай жылғы тәжірибеде орныққандай жеке азаматқа немесе бизнес өкіліне емес, мемлекеттік органға жүктелмек. Яғни, енді ісінің дұрыс, бұрыстығын мемлекеттік орган өзі дәлелдейді. Дәлелдеу ауы-



КЕҢСЕ – СОТ ЖҰМЫСЫНЫҢ КҮРЕТАМЫРЫ

Сот жұмысында маңызды жоқ іс болмайды. Мұндағы қызмет кейінге қалдырып, асықпай атқарамын деген салғырттықты да көтермейді. Өйткені, адам тағдыры таразыланатын салада барлық іс заңмен үйлестіріліп, кез келген қадам құқықтық тұрғыдан дәйектелген.

Сот саласы дегенде азаматтардың білетіні судья ғана. Халықтың көретіні, еститіні – судья. Ал іс судья қарауына жеткенге дейін сырт көзге елене бермейтін, байқала қоймайтын қаншама тірлік бар? Арыз-шағым сот кеңсесіне түскеннен бастап, сот мәжілісін талапқа сай өткізуге дейінгі шараларға кеңсе қызметкерлері жауапты. Сот отырысына дейінгі барлық қызметті лайықты ұйымдастыру сот төрелігінің сапалы атқарылуының кепілі. Осы ретте кеңсе мамандарының тынымсыз жұмысына жаңа технология игіліктерінің тың серпін бергенін айтпай кетуге болмайды. Заманауи технология жұмысты оңтайландырып, қызметтің жеделдігін арттыруда, уақыт пен қаржыны үнемдеуде, қағазбастылықтан арылуда басты басымдыққа айналды.

Статистика бойынша республика соттарында күніне 4,5 мың сот отырысы өтіп, орта есеппен 6 мың үкім мен шешім шығарылады. Пандемияға орай елімізде карантиндік шектеулер енгізілген бытырғы жылдың өзінде қазақстандық сотта 1,3 млн іс пен материал қаралыпты. Бұл ауқымды жұмыс, үлкен еңбек. Әрі осындай маңызды шараның тиянақты, сапалы, талапқа сай атқарылуында кеңсе мамандарының да еңбегі бар.

Сот алаңында қаралатын әрбір істі кем-кетіксіз ұйымдастыру кеңсе мамандарынан жауаптылықты талап етеді. Себебі сот процесіне дайындықты жүзеге асыру хатшыға жүктелген. Хатшы іске қатысатын тараптардың процеске уақытылы қатысуын қамтамасыз етіп, отырыс хаттамасын әзірлейді. Бұдан бөлек, сот істерін ресімдеу, іс қағаздарын жүргізу, азаматтардың, адвокаттардың қоңырауларына жауап беру және басқа да бірқатар маңызды міндеттер жүктелген. Осы қыруар шараның бірі өз деңгейінде орындалмаса, сот жұмысының беделіне көлеңке

түседі. Ең өкініштісі, сот жұмысын ұйымдастыруда кеткен қателікке азаматтар сот хатшысын емес, судьяларды, тұтас сот құрылымын кінәлап жатады. Сондықтан, әрбір кеңсе маманы өз қызметінің ұжымдық еңбек нәтижесіне әсер ететінін тереңнен түйсінуі шарт.

Кеңсе қызметін жандандырып, сот хатшыларының жұмысын жеңілдету мақсатында Жоғарғы Сот жанындағы Соттардың қызметін қамтамасыз ету департаменті көптеген игі бастамаларға мұрындық болып отыр. Қазіргі таңда сот отырысының электронды залын, сондай-ақ судьяларға сот практикасы бойынша жәрдем беретін «Цифрлық талдау» бағдарламасын енгізу жұмысы жүргізілуде. Ал мұндайжанашылдықтарға ілесіп, уақыт көшінен қалмау үшін кеңсе қызметкерлері үнемі ізденіп, білімін жетілдіріп отыруы керек. Соған орай сот қызметкерлерінің кәсіби деңгейін арттыру және заманауи ІТ технологияларды енгізу – айрықша назарда тұрған мәселе.

Айгүл АКТҮЛІЕВА, Ақтау қалалық сотының кеңсе меңгерушісі

орысша жазылуына көбіне қорғаушылар, талап қоюшының заңды өкілі себепкер болып жатады. Оларға өздері білетін, өз ойларын жетік жеткізе алатын тілде арыз жазған жеңіл. Сондықтан да талап қоюшының өз мүддесін қай тілде қиналмай қорғай алатыны көбіне ескерілмей жатады. Осындай немқұрайлық сот тілінің қазақшаға бет бұра алмауына түрткі болуда.

Қазір қазақ тіліне қатысты мәселе көтерілсе кінәні жан-жақтан іздейміз. Шындап келгенде, туған тілімізді өркендете, өрісін кеңейте алмай отырған өзіміз. Жүрген, тұрған жерімізде өзіміз қазақша сөйлеп, басқаның да қазақша жауап беруін талап ете алсақ, жағдай мүлде басқаша болар еді. Ал орысша бағдарламалар көріп, баламызды орыс мектептерінде оқытып, үйімізде орысша сөйлеп отырып қазақ тілінің қадірін арттырамыз деу бос әурешілік.

С.АЛЬСЕНОВА, Қорғалжын аудандық сотының бас маманы АҚМОЛА ОБЛЫСЫ

БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

«РУХЫ МЕН НАМЫСЫ СӨНГЕН ЕЛ – ӨЛГЕН ЕЛ»

(Соңы. Басы 1-бетте)

Соңғы кездері ұлттық аспабымызды, казактың ұлттық мактаныштарын, салт-дәстүрімізді, мемлекеттік тілімізді мазақ ететін әрекеттер өзге ұл өкілдері тарапынан жиілеп кетті. Бірақ жазаның жеңілдігі ме әлде ұлт намысының жыртысын жыртатындардың жоқтығы ма, тұтас ұлтқа қатысты құндылықтарымызды мазақ ететіндер жеңіл жазамен құтылып жүр. Тіпті, көпшілік алдында ресми кешірім сұрап қана құтылып жүргендер көп. Кеше ғана қысқатолқынды пешті қолдану ережелері көрсетілген нұсқаулықтың орыс тілінде жазылмағанына наразылық білдірген азаматтың бейне жазбасы әлеуметтік желіге тарады. Қазақ және ағылшын тілінде жазылған нұсқаулықтан тауарды қалай қолданатынын білмейтінін айтып, «орыс тілі қайда?» деп ашуға булыққан азамат «қазақ тілін үйренгісі келмейтінін» ашық айтты. Артынша кешірім сұрап, ол бейнежазбаны түсіру кезінде мас болғанын айтып, кешірім сұрап құтылды. Дәл осындай жағдай былтыр да орын алған еді. «Қазақ тілі – маймылдардың тілі, қазақтар – маймылдар» деп, «қазақтарды жек көретінін, онысын әр қазақтың бетіне тура қарап айта алатынын айтқан «батыр» Кирил Божко атты костанайлық тұрғын өзін таспаға түсірген кезде мас болғанын айтып, кешірім сұрап,оңай жазамен құтылып кеткен. Бұл ұлт намысына тиген бірінші жағдай емес, соңы да болмағанын кешегі жағдай дәлелдеп берді. Қазақтың қара домбырасын сындырған, Үш бидің ескерткішіне өрмелеп, билердің төбесіне отырып суретке түскен, киіз үйді қорлағандар да үндеу жариялап, кешірім сұрап, құтылып кетіп жатыр. Қазақ ұлтының құндылықтарын аяқ асты етіп, қорлап, артынша кешіріммен құтылып кете беру қашанғы жалғаспақ?!

Занымызда мұндай тәртіпсіздіктерге жауапкершілік қаралған. Атап айтсак, Қазақстан Рес-

публикасы Қылмыстық кодексінің 174-бабында әлеуметтік, ұлттық, рулық, діни араздықты қоздырғандарды жауапқа тарту көзделген. Онда «азаматтардың ұлттық ар-намысы мен қадір-қасиетіне қол сұғуға болмайтыны» анық жазылған. Егер адам қандай да бір араздықты қоздыру үшін әрекет етсе, не болмаса сол әрекетке шақырса, онда ол аталған бап бойынша жауапқа тартылатыны анық көрсетілген. Бірақ осы заң бойынша жауапқа тартпай, кешірім сұраумен ғана шектеле берсе, ұлттың намысына тиетіндерді тәртіпке шақырып, тыя аламыз ба?!

Занды бұзғандар кешірім сұрады деп жауапкершіліктен босата берсек, ұлттық намысымыздың құны қаншалықты болмақ?! Қашаннан бері намысымыз «өлген елге айналдық»?! Абай атамыз «Пайда ойлама, ар ойла» десе, Шерхан Мұртаза көкеміз «Рухы мен намысы сөнген ел – өлген ел» демеп пе еді?! Ендеше қашан өліп қалдық?!

Тілімізге ғана емес, кең байтақ жерімізге көз алартқандар да, төбемізге шығып, айтарын айтып алып, кешірім сұрап құтылуда. 2014 жылы Хакасия Парламентінің төрағасы Владимир Штыгашев Қазақстан халқының наразылығын туғызған өзінің ЖК Президиумындағы айтқан сөздеріне қатысты мәлімдеме жасап, ресми кешірім сұраған еді. «Шығыс Қазақстан облысы немесе кенді Алтай. Соңғысы әркезде де Ресей құрамында болған. Қазақстанның өз жері негізі аз еді. Осы жерді беру жөнінде шешім қабылданды, сол кезде өтіп кеткен. Біз Қазақстанға 5 облысты бердік», – деген шенеунік осы сөзі үшін артынша «Жекелеген бұқаралық ақпарат құралдары таратқан менің бірқатар пікірлерім екіұшты түсінік қалыптастырғанына өкініштімін. Ешбір мемлекетке, соның ішінде Қазақстанға тарихи құқық пен аумақтық наразылық туралы ешқашан айтқан емеспін. Олар біздің көрші, біздің досымыз және әріптесіміз. Менің сөздерім ел арасында

түсініксіздік туғызып, бауырлас халқымыздың көңіліне қаяу түсіргені мені қатты қынжылтады. Егер мен өзімнің сөздеріммен біреуді ренжітсем, шын ниетпен кешірім сұраймын» деп шыққан болатын.

Тізе берсек, мұндай мысалдар өте көп. Жергілікті ұлттың өзінде ұлттық намыс пен саликалы ұстаным, салмақты мінез болмаса өзге ұлттың басынғаны басынған. Тарихқа құрмет, ұлттық құндылықтарға деген сүйіспеншілік болмаса өз тарихымыздың осылай ізсіз өше беретіні белгілі.

Нұра ТЫНЫСҚЫЗЫ, заңгер:

– Соңғы кезде желіде қоғамның ашу-ызасын тудыратын түсірілімдер және содан кейінгі кешірім сұраулар көбейіп кетті. Тіпті алдын ала біліп отырасың, енді кешірім сұраған бейнесі шығады деп. Қазір әлеуметтік желінің заманы. Тез тарап кетеді, халық бірден наразылық танытады. Демек, ұлттың намысына тиіеді. Ондайлардың әрекеті жас ұрпақтың санасына теріс әсер етеді. Жас ұрпақтың санасын бұзып, қоғамға кері әсер етіп болғаннан кейін оның кешірім сұрауы кімге керек?! Нақты заң бұзушылық болса, оның жазасы бар. Жазасын алсын! Және ондайларға жаза қатаң болуы керек. Ұлттың намысы сондай басбұзарларға белгіленген жазамен өлшенеді. Кешірім сұрай салармын көп болса деп, әркім ойына келгенін істей берсе, ұлттық намысымыз бен құндылықтарымызда не қасиет қалады?! Сондықтан ұлтқа, ана тілімізге, ұлттық салт-дәстүрімізге, тұлғаларымызға, жалпы, ұлттық құндылықтарымызға, тіл тигізгендерге қатысты жаза күшейтілуі керек.

Қуаныш ӘБІЛДӘҚЫЗЫ,
«Заң газеті»

ДЕРЕК ПЕН ДӘЙЕК

КОРОНАВИРУС ЖҰҚТЫРҒАН БАЛАЛАР КӨБЕЙДІ

Бір жылдан бері дүние жүзін дүрбеленге салған коронавирус дерті кейінгі кезде елімізде өрши түсті. Ересектерді баудай түсіріп жатқан қауіпті індет балаларды да аяйтын емес.

ҚР Педиатрия және балалар хирургиясы ғылыми орталығының мәліметіне сүйенсек, биыл наурыз айынан бастап Қазақстан бойынша 0 мен 18 жас аралығында 1961 бала коронавирус індетіне шалдыққан. Ал бүгінде 164 бала аталған індеттен ем алып жатыр. Қауіпті дертті жұқтырған балалардың басым көпшілігі әлі күнге дейін «қызыл аймақта» орналасқан Алматы қаласында тіркелген. Мұны мамандар соңғы кезде коронавирус инфекциясының жаңа британдық штамының пайда болуымен байланыстыруда.

Алматыдағы балалар клиникалық жұқпалы аурулар ауруханасы бас дәрігерінің орынбасары Айнұр Уәлиеваның мәлімдеуінше, бүгінгі таңда аталған денсаулық сақтау мекемесінде 71 бүлдіршін ем алып жатыр. Олардың ішінде 20 нәресте бір жасқа толмаған, 17-сі – 1-4 жас аралығындағы сәбилер, 24-і – 5-14 жас аралығындағы жеткіншектер, ал 10 бала 15-18 жас аралығында екен. Абырой болғанда, барлығының жағдайы қанағаттанарлық, жансақтау бөліміне түскендер жоқ.

Жалпы, коронавирустың балалар арасында өршуі наурыз айындағы мерекелерден кейін басталған.

– Наурыздың екінші жартысында біздің мамандар 72 баланы емдеп шығарды. Ал сәуір басталғалы 176 бала дертінен сауықты. Сәуір айының алғашқы онкүндігінде 139 бүлдіршін науқасынан айығып, үйге шығарылса, 11-19



сәуір аралығында жазылып шыққан балалардың саны 107-ні құрады, – дейді Айнұр Уәлиева.

Нұр-Сұлтан қаласында да жағдай мез емес. Наурыз айында коронавирус жұқтырғандардың арасында 14 жасқа дейінгі балалардың көбейгені байқалған. Олар науқастардың жалпы санының 20,3%-ын құрайды. Соның ішінде 2-6 жас аралығындағы балдырғандардың індетке шалдығуы 1,6 есеге өскен. Өткен аптада 210 жағдай тіркелсе, соңғы жеті күнде олардың саны 339-ға жеткен. Дәрігерлер 18 жасқа дейінгі балаларға вакцина салынбайтындықтан, ата-аналарды барынша сақтануға шақырып отыр.

Сонымен қатар балаларды түрлі вирустық аурулардан қорғап, иммунитетін көтеру үшін алдымен тамақтану жағын қолға алған дұрыс. Яғни, дұрыс және уақытында тамақтану. Жаз

мезгілінде жеміс-жидек пен көкөністерді көбірек жеу керек. Сол секілді ет жеген және сұйықты мол ішкен иммунитет үшін пайдалы. Одан бөлек, ойнап, жүгіріп-секіруі де қалыпты және қажетті нәрсе. Тағы бір айтып өтетін маңызды дүние – егер баланың бұрыннан қандай да бір дерті болса, оның да алдын алып, ерекше қорғанған жөн. Себебі, вирустың таралуы кезінде бір ауру екінші ауруға теріс ықпал етеді екен.

Баланың бойында COVID-19 жұқтырғандағы алғашқы белгілері – қызу көтерілу, әлсіздік, тәбеті азайып, мұрын біту, жөтел, көзінен жас ағу, жүрегі айну, іш өту пайда болғанда, бірден медициналық көмекке жүгіну қажет.

Айгүл АХМЕТОВА,
«Заң газеті»

ДЕПУТАТ БАҒАНЫ



Азамат ӘБІЛДАЕВ,
Парламент Мәжілісінің депутаты:

АУЫЛДЫ ҚОЛДАЙТЫН ҚОР САҚТАЛУЫ КЕРЕК

Мемлекет басшысы өзінің «Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл кезеңі» атты Жолдауында «ҚазАгро» мен «Бәйтерек» холдингтерін біріктіруді тапсырды. Бүгінгі таңда бұл шара аяқталды, алайда шешімін таппаған мәселелер бар. «Бәйтерек» холдингі өз құрылымын онтайландыруды жалғастыруда. Жоспар бойынша «ҚазАгроҚаржы» акционерлік қоғамы «Аграрлық несие корпорациясының» еншілес ұйымына айналады. Ал, «Ауыл шаруашылығын қаржылай қолдау қоры» мүлдем жойылмақ. Онтайландыру ағымдағы жылдың соңына дейін аяқталады деп жоспарлануда. Бұл мәселе терең әрі жан-жақты қарауды қажет етеді. Себебі ауыл шаруашылығын қолдау қорын тарата отырып, біз ауылдағы ұсақ фермерлердің, қосалқы шаруашылықтардың, ісін жаңа бастаған кәсіпкерлердің тұтас бір шоғырынан айырылып қалуымыз мүмкін. Өйткені, ол қордың негізгі міндеті – шағын несие беру, яғни шағын бизнесті дамыту.

Қор 2005 жылдан бері шағын несие берумен айналысады. Осы кезеңде 385 млрд теңге шағын несие берілді, басым бөлігі ауылдық жерлерде тұратын 167 мың шағын кәсіпкер мемлекеттік қолдауға ие болды. Бұл жай ғана сандар емес, олардың артында тұрған қарапайым ауыл тұрғындары, кешегі жұмыссыздар, фермерлер, кәсіпкерлер және көп балалы отбасылар.

Қор ауыл шаруашылығымен байланысты жобаларды ғана несиелендірмейтінін атап өткіміз келеді. Олардың қатарында ауылдағы қызмет көрсету мен сауда саласы бар. Бұның бәрі – тек қана қордың қаржыландыратын шағын бизнестері. Банк саласы үшін бұл сегмент іс жүзінде қызығушылық тудырмайды. Бүгінде республика халқының шамамен 41 пайызы ауылдық жерлерде тұрады. Олардың үштен бірі дара кәсіпкерлер немесе жеке қосалқы шаруашылықтарда жұмыс істейді. Ірі өндірушілердің емес, дәл осы ауыл тұрғындары, ауыл шаруашылығы мен жалпы ауыл бизнесін дамытудың көзі болып табылады. Жыл сайын қор 12 мыңға жуық қарыз береді – бұл 60 млрд теңгеге жуық қаражат. Егер отбасы орта есеппен 4 адамнан тұратынын ескерсек, қор жыл сайын шамамен 50 мың адамды жеңілдетілген несиелендірілген қамтиды. Қарапайым ауыл азаматы шағын бизнесін қаржыландыру үшін банкке бара алмайды. Өйткені, сіз кез келген банкке кіріп, өз жобаныңды ұсынып, сіздің жалғыз кепіліңіз ауылдағы үйіңіз екенін айтсаңыз, олар сізбен сөйлеспейді де.

Ал, қорда ол үй кепілдікке алынады, тұтынушы төмен пайызбен несие алады және ауыр шарттарға құлдыққа түспейді. Сондай-ақ, қор агроөнеркәсіпті сақтандырумен айналысады, бұл құрғашшылық немесе жаңбырмен шаю жағдайында тәуекелдерді төмендету дегенді білдіреді. Қордың функциялары мен тұтынушыларын «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ-ға беру нұсқасы неге әкелуі мүмкін? Бүгінгі таңда аграрлық несие корпорациясы ірі бизнес-жобаларға бағытталған. Осылайша ресурстардың жетіспеушілігіне байланысты ауылдық жерлерде шағын бизнесті несиелеу көлемі айтарлықтай қысқарады. Бұл Президенттің ауылдағы шағын несиелермен бизнесті қолдау қажеттілігі туралы тапсырмаларын ескермеу деп санаймын. Шағын бизнес ешқандай жағдайда зардап шекпеуі керек, осы саланың ерекшеліктері мен артықшылықтары ескерілуі тиіс. Өкінішке орай, қажетті құрылымдар қайта құрылған немесе толығымен жойылған кезде туындардан көптеген мысалдарды білеміз, бірақ уақыт өте келе оларды қалпына келтіруге тура келген болатын. Жұмыссыздықты азайтуды, жаңа жұмыс орындарын құруды, ауыл тұрғындарына олардың кәсіпкер ретінде қалыптасуы, ауылдың инфрақұрылымды дамытуға көмектесуді ескере отырып, «Бәйтерек» холдингінің құрамында әлеуметтік міндеттерді шешетін қор қызметіндегі әлеуметтік құрамдас бөлікті сақтап қалу керек.

Дайындаған А.ТҮРМАҒАНБЕТОВА,
«Заң газеті»

ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАРҒА ДЕГЕН ҚҰРМЕТТІ ҚАЛАЙ АРТТЫРАМЫЗ?

ОЙТАЛҚЫ



Өмірәлі ҚОПАБАЕВ, заңгер:

– Бір сәт осы неге кез келген адам қазақ халқына, тіліне, жеріне тіл тигізгісі келіп тұрады» деп өзіміз де ойланып қояымыз керек. Өзіміз өзге тілде шүлдірлеуді сән санасақ, басқалар неге біздің тілімізді үйреніп, құрметпен қарап, сыйлауы керек?! Әрине, қазағына керек болмаған тіл басқаға керек емес. Алдымен қазақ өз ана тілін сыйламай тұрса, өзгеден жауапкершілік, сыйластық күту мүмкін емес. Сондықтан бір мәселенің ұшы өзімізде де жатыр. Ел ішінде ұлттық салт-дәстүрімізді, ана тілімізді, белгілі тұлғаларымызды жас ұрпаққа көбірек насихаттап, ел ішінде осындай ұлттық құндылықтарымызды қадірлей білуіміз қажет. Содан кейін барып, «тіл үйренгім келмейді», немесе «Қазақстан маған керек емес» деген адамдарды елден шығарып жіберуге, қомақты айыппұл төлеттіруге болады. Қазір Абайдың кім екенін білмейтін жастар көп. Демек, идеология саласынан да ақсап жатырмыз.

Осыған дейін де елімізге келген шетелдік туристердің ұлт бола тұра, ұлттық дүниелерімізге, ана тілімізге қырын қарағанымызға, көшеде барлық адамның орыс тілінде тілдескеніне таң қалып қайтқанын естіп жүрміз. Мемлекетіміздің ертеңі жарқын болсын десек, осындай нәрселерге мұқият болу керек. Бәлкім, кешірім сұратып қоя салуымызға да осы бір ең алдымен өзіміздің ұлттық дүниелерімізге немқұрайлы қарағанымыз себеп болып отыр ма деп ойлаймын.

Дос КӨШІМ, саясаттанушы:

– Ал негізгі жазасы басқа болуы керек. Жаза болмаса, бұл басқаларға сабақ болмайды. Сосын қайталана береді. Ал тілге қатысты соңғы кездескен жағдайға орай айтарым, «қазақ тілін үйренгім келмейді» деген сөзі арқылы ол ешкімге тіл тигізіп отырған жоқ. Ол солай тәрбиеленді. Тілді үйренгісі келмеуі – оның өзіндік көзқарасы, өз құқығы. Қазақ тілі әлі күнге белгілі бір деңгейге жеткен жоқ. Ол анық. Бар болғаны соны ол басқаша жеткізіп тұр. Орыс тілділердің 90 пайызы осылай ойлайды. Солай ойлауға өзіміз жеткізіп отырмыз. Тіл білмегені үшін емес, ақымақтық жасап, қасына басқа да сөздерді қосып айтқаны үшін ғана жазаға тартуға болады. Жалпы, кейде мұндай пікірлер де қоғамымызға керек деп ойлаймын. Қазақты бір сілкіп ұйқысынан оятып тұру үшін мұндайлардың, Жириновскийлердің кереғар пікірі керек.

Қазақ тіліне қатысты осы уақытқа дейін қандай да бір қажеттілік тудыра алғанымыз жоқ. Әлі күнге көшеде қазақ тіліндегі қате жазулар қаптап тұр. Өзіміз осылай істеп отырып, басқалардан қалай жауапкершілік күтеміз?! Жалпы, тілге, жерге, тұлғаларымызға, ұлттық басқа да құндылықтарымызға қатысты жеке-жеке жауапкершілік қарастыруымыз керек. Әйтпесе, өзіміз ренжіген нәрсенің бәрін бірдей сот алдына тарта алмайтын да жағдайлар бар.

Саяуланаманы дайындаған Қуаныш ӘБІЛДӘҚЫЗЫ

САРАП



ӘКІМШІЛІК ӘДІЛЕТ ҚҰҚЫҚ ҚОРҒАУДЫҢ МҮМКІНДІГІН КЕҢЕЙТЕДІ

Тәуелсіздік жарияланған сәттен бастап республика аумағында азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғауға, әділ сот жүйесін қалыптастыруға бағытталған ауқымды әрі іргелі реформалар жүзеге асуда. Соның ішінде биыл І шілдеден бастап елімізде әкімшілік әділет институты өз жұмысын бастайды. Яғни, жаңа заң, жаңа соттар, жаңаша талап. Соның аясында азаматтардың құқықтарын қосымша қорғайтын жаңа кепілдіктер мен тетіктер қолға алынады. Әкімшілік әділет институтының әлеуетін толықтай қолдану үшін республика бойынша жанадан бірінші сатылы соттар, Жоғарғы Сотта жаңа әкімшілік істер жөніндегі сот алқасы құрылады.

Маңыздылығы ерекше мәнге ие бұл өзгеріс ел Президенті Қ.Тоқаевтың 2019 жылғы Жолдауынан кейін қолға алынған еді. Жолдауда Мемлекет басшысы қазіргі сот жүйесінің тиімділігін арттыру мен мүмкіндігін кеңейту шеңберінде жаңа институт – әкімшілік әділетті құру қажеттілігіне айрықша тоқталған болатын. Басқару органдарының азаматтар өтініштерін қарау барысында көп сергелденге салуы, тараптардың тең жағдайда болмауы, атқарушы билік пен жеке мүдде арасындағы келіспеушіліктердің жиі орын алуы жаңа жүйенің қажеттілігін тудырды.

Әкімшілік әділет – азаматтардың ұйымдардың, билік органдарының, лауазымды тұлғалардың шешімдері мен іс-әрекеттеріне келіспегендіктен туындаған шағымдары мен дауларын қарауды бір ізге салады. Дауларды қарау барысында азаматтардың мүддесіне басымдық беріледі. Әкімшілік органдар мен жеке және заңды тұлғалар арасындағы теңсіздікті болдырмау мақсатында қызмет атқарылады.

Әкімшілік әділет институты құқықтық, әділетті қоғам орнатудың басты тетігі болып табылады. Өткен 2020 жылы 29 маусымда қабылданған Әкімшілік рәсімдік-процестік кодекстің талаптарына сай, әкімшілік бұқаралық даулар соттарда жаңаша сипаттағы сот өндірісінің мәні мен қағидаларына сәйкес

Қазила САҒЫНДЫҚОВА,
Маңғыстау облыстық сотының судьясы

каралады. Жанадан құрылатын соттар әкімшілік рәсімдер мен әкімшілік құқықтық қатынастар барысында мемлекет пен азаматтардың не ұйымдардың арасындағы дау-дамайларды қарау құзырына ие болады. Талап қоюшы өз өтінішінің мемлекеттік органда шешілуіне қанағаттанбаған жағдайда, сотқа жүгінеді. Егер сот азаматтың заңды мүдделері бұзылған деп тапса, әкімшілік актінің күші жойылады. Талап қоюшы басқару органдарынан белгілі бір мәселелер жөнінде әрекеттер жасауды немесе олардан бас тартуды талап етуге құқылы. Барлық күмәндар, қайшылықтар әкімшілік рәсімге қатысушының пайдасына түсіндіріледі. Егер сот қойылған талапты заңды деп тапса, жауапкерге орындауға тиісті нақты міндеттер көрсетілген шешім шығарады.

Жалпы, жанадан құрылатын соттардың материалдық-техникалық жабдықталуына, ол жерде қызмет ететін судьялар мен сот қызметкерлерінің алаңсыз, кедергісіз қызмет жасауына барлық мүмкіндіктер қарастырылуда. Енді аз ғана уақыттан соң конкурстан өткен судьялар аты да, заты да жаңа сотта қызметке кіріспек. Барлық соттарда заң нормалары, оны қолдану, жаңашылдықтар мен ерекшеліктерді талқылау, түсіндіру бойынша көпшілік іс-шаралары тоқтаусыз ұйымдастырылуда.

Осылайша жаңаша тұрпаттағы әкімшілік сот өндірісі мемлекеттік басқару саласындағы көптеген қатынастар мен дау-дамайларды жүйелеуге, олардың мән-мағынасын ашуға және мемлекеттік органдар қызметінің ашықтығы мен тиімділігін арттыруға жол салады. Жанадан енгізіліп жатқан әкімшілік әділет институты заман талабына сай келетін, болашағы зор бастама. Бұл өзгеріс азаматтардың құқықтық сауаттылығын арттыруға, олардың құқықтары мен бостандықтарын жедел әрі кедергісіз қорғауға мүмкіндік береді.

ТАРАЗЫ

ҚҰҚЫҚТЫҚ САУАТ

МОРАЛЬДЫҚ ЗИЯНДЫ ӨТЕУ МАҢЫЗДЫ

Азаматтық кодекстің 8-бабында көзделгендей, азаматтар мен заңды тұлғалар өздеріне берілген азаматтық құқықтарды, соның ішінде, өздерін қорғау құқығын қалауынша пайдаланады. Азаматтық құқықтарды жүзеге асыру басқа құқық субъектілерінің құқықтарын және заңмен қорғалатын мүддесін бұзбауға, айналадағы ортаға зиян келтірмеуге тиіс. Азаматтарға тумысынан берілген немесе заң бойынша тиесілі мүліктік емес игіліктер мен өзіндік құқықтарды қорғау және азаматтарға келтірілген моральдық зиянды толық өтеу сөзсіз маңызға ие.

Моральдық зиян деп жеке тұлғалардың өзіндік мүліктік емес игіліктері мен құқықтарының бұзылуы, кемсітілуі немесе олардан айырылуы, оның ішінде өзіне қарсы құқық бұзушылықтың жасалуы салдарынан жәбірленушінің, ал осындай құқық бұзушылық салдарынан ол қайтыс болған жағдайда – жақын туыстарының, жұбайының (зайыбының) басынан кешірген (төзімін тауысқан, уайымға салған) жан азабы немесе тән азабы танылады.

Егер азаматтың ар-намысына, қадір-қасиетіне немесе іскерлік беделіне кір келтіретін мағлұматтар таратылған болса, ол мұндай мағлұматтарды теріске шығарумен бірге, олардың таратылуынан өзіне келтірілген залалдың және моральдық зиянның орнын толтыруды талап етуге құқылы. Сот ұсынылған дәлелдемелерді әділеттілік өлшемдерін негізге ала отырып бағалайды және моральдық зиян мөлшерін анықтау барысында таратылған мәліметтердің

сипатын, олардың таратылу шегін, жауапкер кінәсінің түрін, материалдық жағдайын және басқа да назар аударарлық мән-жайлардың барлығын ескереді.

Азаматтар мен заңды тұлғалардың мүліктік немесе мүліктік емес игіліктері мен құқығына заңсыз іс-әрекеттермен (әрекетсіздікпен) келтірілген (мүліктік және мүліктік емес) зиянды келтірген тұлға залалды толық көлемде өтеуі тиіс. Талап қоюшы өз талап арзысында оның нақтылы мүліктік емес өзіндік құқықтарының бұзылуын растайтын дәлелдемелерді және осы құқықтарды қорғау тәсілдерін көрсетіп, моральдық зиянды өтеу туралы талап қойған кезде жан азабы мен тән азабын шын мәнінде бастан кешіргенін дәлелдеуге тиіс.

Мүліктік емес зиян үшін ақшалай өтем жасау туралы талабын білдірген жағдайда талапкер, оның пікірінше, оған келтірілген мүліктік емес зиянның өтелуін қамтамасыз ететін өтем сомасын көрсетуі керек. Моральдық зиянды өндіру туралы талап қанағаттандырылғанда сот талапкер арыз берген кезде төлеген немесе төлеуге тиіс болған мемлекеттік бажды жауапкердің есебінен талапкер пайдасына немесе жергілікті бюджет кірісіне өндіреді. Егер талапкер мүліктік сипаттағы және моральдық зиянды өтеу туралы талаптарды бір талап арызда қойса, онда мемлекеттік баж мәлімделген әрбір талап үшін бөлек-бөлек төленеді.

Азаматтық кодекстің 952-бабының талабы бойынша моральдық зиян ақшалай нысанда өтеледі. Яғни, ақшалай өтем алатынын мөлшері құқыққа қарсы әрекет жасағаны және оның жәбірленушіге келтірілген зиян салдары үшін жауапкершілік шарасы болады. Азаматтық кодекстің 143-бабының 6-тармағына сәйкес, азаматтың ар-намысына, қадір-қасиетіне немесе іскерлік беделіне кір келтіретін мағлұматтар таратылған болса, ол мұндай мағлұматтарды теріске шығарумен бірге, олардың таратылуынан өзіне келтірілген залалдың және моральдық зиянның орнын толтыруды талап етуге құқылы.

Кей жағдайларда талап қоюшылар моральдық зиян мөлшерін жоғары бағалап, соттан өндіруді талап етеді. Алайда бұл келтірілген моральдық шығынның ақшалай мөлшерін анықтау барысында қиындық тудырады. Сот моральдық зияннан келген өтемнің мөлшерін анықтау барысында ең алдымен, бекітілген қолданыстағы заңдардың талаптары мен әділеттілікті басты назарға алатынын ескерген жөн.

А.КАИРОВ,
Ақтөбе гарнизоны әскери соты
торағасының міндетін атқарушы

ПАЙЫМ

ГЕНДЕРЛІК ТЕНДІК – ЕЛ САЯСАТЫНЫҢ ӨЗЕКТІ ҚЫРЫ

Зайырлы, құқықтық мемлекеттің барлығы гендерлік саясаттан бұрын, азаматтар теңдігіне маңыз береді. Өркениетті елдерде айнамайтын бір принцип бар – ол адамдардың теңдігін қамтамасыз ету, заң алдында бірдей құқыққа ие екенін белгілеумен өлшенеді. Қазақстанда да халықты алалауға, қандай да бір артықшылық беруге тыйым салынған. Дегенмен, жаратылысы нәзік қыз-келіншектерге қолдау көрсету, қызметте өсуіне, өз бастамаларын жүзеге асыруына жағдай жасау мемлекеттің басты ұстанымы саналады.

Гендерлік теңдік – ел саясатының өзекті қыры. Оның түпкі мақсаты ерлер мен әйелдердің теңдігіне қол жеткізу. Гендерді кейде тек әйелдерге жасалған қамқорлық деп тар шенберде түсініп жатады. Шын мәнінде бұл әйелдердің ғана

емес, ерлердің де тұлғалық ерекшеліктерін қорғайды. Бұл жұмысқа ерекше серпін беру мақсатында Қазақстан Республикасындағы 2030 жылға дейінгі отбасылық және гендерлік саясат тұжырымдамасы бекітілгені белгілі. Дәл осы тұжырымдама аясында көптеген іргелі істер қолға алынды. Құжатқа сәйкес елімізде арнайы заңдар қабылданып, өзекті мәселені зерттеу үшін түрлі ұйымдар мен институттар жұмыс істеуге кірісті. Бұл ұйымдар гендерлікті теңдікке қол жеткізудің тетіктері, жыныстық кемсітушілікті жою секілді мәселелерді зерделеп, қорытынды жасауды, соның негізінде іс-шаралар жоспарын белгілеуді көздейді. Гендерлік зорлық-зомбылықты оның барлық көріністерінде жою, әйелдер мен қыздардың, ерлер мен ер балалардың білімге, денсаулық

сақтауға, экономикалық ресурстарға тең қол жеткізуін қамтамасыз ету және саяси өмірге қатысу үшін тең мүмкіндіктер жасау өте маңызды.

Гендерлік теңдік стратегиясында Қазақстандағы ерлер мен әйелдердің теңдігін қамтамасыз ету үшін нақты міндеттер қойылған. Соның ішінде, гендерлік саясат саласындағы заңнаманы жетілдіру және оны халықаралық стандарттарға сәйкестендіру бойынша іргелі жұмыстар жасалды. ҚР Президентінің жанынан Әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі ұлттық комиссияның құрылуы бұл бағыттағы іс-шаралардың сапалы атқарылуына серпін берді. Сонымен бірге бүгінге дейін «Ерлер мен әйелдердің тең құқықтарының және тең мүмкіндіктерінің мемлекет-

тік кепілдіктері туралы», «Тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы туралы» заңдар қабылданып, гендерлік кемсітушілікті жоюдың құқықтық іргетасын қалады.

Тұжырымдама аясында еңбек нарығына, қаржы және басқа ресурстарға тең қол жеткізу арқылы әйелдердің экономикаға қатысуын кеңейту; әйелдер кәсіпкерлігін дамыту тетіктері арқылы ауылдық жерлердегі әйелдерге қолдау көрсету; ерлер мен әйелдердің орташа еңбекақысындағы гендерлік алшақтықты қысқартуға ықпал ететін жағдайларды қамтамасыз ету бағытында да ауқымды істер ретімен өз шешімін тауып келеді.

Жұмыс жасалған жерде, нәтиже болады. Гендерлік теңдік бойынша жүргізілген кешенді шаралардың

арқасында қоғамда үлкен өзгерістердің орын алғаны мәлім. Бүгінде қыз-келіншектер өз мамандығымен жұмыс істеп қоймай, өз саласының көшбасшысына айнауда. Министрден, әкімнен бастап, түрлі басшылық салада ерлермен теңдей еңбек етіп жүрген ханымдардың мемлекеттік қызметтегі үлесі де бірте-бірте көбейіп келеді. Қолдаудың арқасында өз бизнесін бастап, жұмысын үйлестіріп, талай адамға нәпақа тауып беріп отырған қыз-келіншектердің де шоғыры қалыптасты. Осының өзі әйелдердің өзіне, біліміне, қабілетіне сенімділігінің арта түскенін аңғартады.

А.ИХЛАСБАЙҚЫЗЫ,
Алматы қаласы Жетісу аудандық
№2 сотының судьясы

«ЕСТУШІ МЕМЛЕКЕТТІҢ» АЙҚЫН БЕЛГІСІ



Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Парламенттің бірінші сессиясының ашылуында сөйлеген сөзінде сот жүйесі жабық жүйе болмауы керектігін және оны жаңғырту қажет екенін айтқан болатын. Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексі осы мақсатта қолға алынған заңның бірі.

Мемлекеттік, әкімшілік органдар, лауазымды тұлғалар, сондай-ақ жеке заңды тұлғалар осы кодексте реттелетін қатынастардың қатысушылары, ал мемлекеттік органдардың ішкі әкімшілік рәсімдерін, әкімшілік рәсімдерді жүзеге асыруға байланысты қатынастарды, сондай-ақ әкімшілік сот ісін жүргізу тәртібі осы кодекспен реттелетін қатынастар болып табылады. Кодекстің ең бастапқы мақсаты – мемлекеттік органдарға дау айтып, құқықтарын қорғайтын жеке, заңды тұлғалардың жария-құқықтық қатынастардан туындайтын дауларын әділ де сапалы қарастыру.

Әкімшілік сот ісін жүргізудің міндеті жария-құқықтық қатынастарда жеке тұлғалардың бұзылған немесе дау айтылатын құқықтарын, бостандықтарын мен заңды мүдделерін, заңды тұлғалардың құқықтарын мен заңды мүдделерін тиімді түрде қорғау және

қалпына келтіру мақсатында әкімшілік істерді әділ, бейтарап және уақытылы шешу болып табылады. Бұл жерде әділдік қағидатына сәйкес әкімшілік орган, лауазымды адам және сот әкімшілік істі қарау кезінде объективтілік пен бейтараптықты сақтай отырып, әкімшілік іске қатысушылардың әрқайсысының өз құқықтарын іске асыруына тең мүмкіндік пен жағдай жасауды көздейді.

Құқықтық, демократиялық қоғамда барлық даулы мәселелер сот арқылы шешімін табатынын белгілі. Осыған орай, азаматтардың құқығын қорғауда сот төрелігінің атқарар міндеті мен оған жүктелер жауапкершілік құн санап өсіп келеді. Мемлекет басшысы 2020 жылың 1 қыркүйектегі Жолдауына «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» – бұл, шын мәнісінде, «Әділетті мемлекет» құру тұжырымдамасы. Азаматтардың мәселелерін тыңдап, көріп қана қою жеткіліксіз. Ең бастысы – дұрыс және әділ шешім шығару қажет» деген еді. Ал бұл талаптарды іске асыруда Әкімшілік рәсімдік-процестік кодекстің көмегі өлшеусіз.

Елдар МОМЫШЕВ,
Семей қаласының мамандандырылған
әкімшілік соты кеңсесінің бас маманы

СҰХБАТ

(Соңы. Басы 1-бетте)

– Зәуреш Әбілғожақызы, еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, жұмыс жағдайын жақсарту, қызметкерлердің құқықтары мен мүдделерін қорғау мәселелері Алматыда қалай шешіліп жатыр?

– Қауіпсіз еңбек жағдайларын қамтамасыз ету мемлекеттік маңызға жатады, сонымен бірге әр адамға тікелей қатысты болып саналады. Жыл сайын елімізде бір жарым мыңнан астам адам өндірісте жарақат алып, жүздеген адам қайтыс болып жатыр. Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің мәліметінше, 2020 жылы 1503 адам жарақат алған, оның 208-і өліммен аяқталды. Пайыздық қатынаста жалпы көрсеткіштің 7,3%-ы, ал өліммен аяқталғандардың 4,3%-ы Алматы қаласының үлесінде.

Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, жұмыс жағдайын жақсарту, қызметкерлердің құқықтары мен мүдделерін қорғау мәселелері Алматы қаласы кәсіподақ орталығының назарында. Кәсіптік орта-



ның алдын алу мақсатында еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғау жағдайларын жасауға, қызметкерлердің еңбек қызметі процесінде олардың өмірі мен денсаулығын сақтаудың алдын алуға және қауіп-қатерлерге «COVID-19: Кәсіподақтар қауіпсіз еңбек үшін» деген мониторинг жүргізуде. Мұндай қоғамдық бақылау өзекті және оң нәтижелер береді. Жұмыс берушілер де, жұмысшылар да күшейтілген санитарлық нормалар мен әлеуметтік қашықты сақтай бастады. Кәсіподақ ұйымдары төрағаларының ақпараты бойынша, кәсіпорындарда барлық санитарлық нормалары сақталады – дезинфекциялық туннельден бастап, медициналық пунктке міндетті түрде бару және бетперде мен қолғап жиынтығын алу, бүкіл өндіріс барысында әлеуметтік қашықтықты сақтау және барлық тазарту құралдарын орнату. Өндірістік үй-жайларды өңдеу және дезинфекциялау жұмыстары да арнайы кесте бойынша жүргізіледі. Еңбек ұжымдарында кәсіподақ комитеттері кәсіпорын әкімшіліктерімен бірлесіп, қызметкерлермен еңбек қауіпсіздігі және еңбекті

Зәуреш ӨМІРБАЕВА, «Алматы қаласының кәсіподақ орталығы» аумақтық кәсіподақтар бірлестігінің төрайымы:

«АДАМ ӨМІРІ МЕН ДЕНСАУЛЫҒЫНАН ЖОҒАРЫ ҚҰНДЫЛЫҚ ЖОҚ»

лық әлеуметтік әріптестермен бірлесіп өндірістік жарақаттану мен кәсіптік аурулар деңгейін төмендетуге бағытталған 2021–2023 жылдарға арналған «Қауіпсіз еңбек» бағдарламасын әзірлеп бекітті. Сондай-ақ, аумақтық кәсіподақтар бірлестігі әлеуметтік серіктестермен бірлесіп «2019–2023 жылдарға арналған Қазақстан Республикасында өндірістік жарақаттар мен зиянды еңбек жағдайлары бар жұмыс орындарын азайту жөніндегі жол картасын» іске асыруға белсенді қатысады. Біз еңбекті қорғау мәселелеріне арналған дөңгелек үстелдер, семинарлар және тағы басқа да іс-шаралар өткіземіз.

– 28 сәуірде атап өтілетін Дүниежүзілік еңбекті қорғау күнінде де мұндай іс-шаралар жалғасын табатын шығар?

– Әлбетте. Дүниежүзілік еңбекті қорғау күні биыл «Дағдарысты алдын ала болжау және оған дайын болу – қазір еңбекті қорғаудың тиісті жүйелерін инвестициялау» ұранымен өтеді. Қаланың барлық кәсіподақ ұйымдары осы күнге орай түрлі іс-шаралар өткізуді жоспарлап жатыр. Бұдан басқа, мамандандырылған оқу орталығын тарта отырып, техникалық инспекторлар мен кәсіпорын басшыларына еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғау және өрт-техникалық минимумы бойынша оқыту жүргізіледі. Оқу аяқталғаннан кейін қатысушылар белгіленген үлгідегі сертификаттар мен куәліктер алады. Өткен жылы 3000-нан астам адамды қамти отырып, еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау мәселелері бойынша семинарлар өткізілген. Ал биылғы жылдың бірінші тоқсанында 600-ден астам адаммен сондай семинарлар өткізілді.

– Еңбекті қорғау жөніндегі техникалық инспекторлардың беделі мен ролін нығайту, олардың қызметін жетілдіру және ынталандыру, моральдық, материалдық қолдау жайы қалай шешіліп жатыр?

– «Еңбекті қорғау жөніндегі үздік техникалық инспектор» конкурсы өткізіледі. Техникалық инспекторлар іс жүзінде қауіпсіз еңбек жағдайларын қамтамасыз ету, жазатайым оқиғалардың алдын алу бойынша үлкен жұмыс атқарады. Қазіргі уақытта мемлекеттік еңбек инспекторлары көптеген кәсіпорындарды қамти алмайды. Өйткені, статистикалық деректерге сәйкес, Алматы қаласы бойынша барлығы 22 мемлекеттік инспектор жұмыс істейді, ал жұмыс істеп тұрған кәсіпорындар саны – 84 895. Сондықтан, кәсіподақ инспекторларының құқықтары мен міндеттерін заңнамалық тұрғыдан бекіту қажет.

– Бұл бағытта қандай жұмыстар жасалуда?
– 2021 жылы 16 сәуірде Алматы қаласының әкімдігі, «Алматы қаласының кәсіподақ орталығы» аумақтық кәсіподақтар бірлестігі, «Алматы

кәсіподақтар одағы» аумақтық кәсіподақтар бірлестігі және «Қазақстан Республикасының Жұмыс берушілер (кәсіпкерлер) ұлттық конфедерациясы» арасында 2021–2023 жылдарға арналған өңірлік келісімге қол қойылды. Өңірлік келісім әлеуметтік әріптестіктің барлық тараптарының 6 бағыты бойынша өзара іс-қимыл жасауды көздейді. Олар: әлеуметтік әріптестік; экономикалық саясат; халықты жұмыспен қамту; лайықты жағдайлар мен еңбекақы төлеу; әлеуметтік саясат; келісімді іске асыру және оның орындалуын бақылау. «Лайықты еңбек жағдайлары мен еңбегіне ақы төлеу» деген бесінші бөлімінде қолайлы, қауіпсіз және салауатты еңбек жағдайларын жасауға бағытталған іс-шараларды жүзеге асырумен қатар, әлеуметтік әріптестік тараптары еңбекті қорғау жөніндегі техникалық инспекторларға ай сайынғы қосымша төлемдер беру мәселелері бойынша консультациялар өткізуге келісті, жалақысы шарттарда, ұжымдық шарттарда немесе жұмыс берушілердің актілерінде көрсетілген. Бірақ ең төменгі жалақы мөлшерінен төмен емес мөлшерде. Сондай-ақ жұмыс берушінің және кәсіподақтардың қаражаты есебінен жыл сайын мамандандырылған білім беру ұйымдарында біліктілікті арттыру бойынша оқу өткізу туралы келісілді.

– Кәсіподақтар жұмыс істейтін кәсіпорындарда еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі өндірістік кеңестер құрылған дегенді естідік.

– Иә. Оның саны қазір – 582. Онда 815 техникалық еңбек инспекторы бақылауды жүзеге асырады. Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі өндірістік кеңестер, жұмыс беруші мен жұмыскерлердің еңбекті қорғау талаптарын қамтамасыз ету, өндірістік жарақаттану мен кәсіптік аурулардың алдын алу жөніндегі бірлескен іс-қимылдарды біріктіреді. Сондай-ақ техникалық еңбек инспекторлары жұмыс орындарындағы еңбек жағдайлары мен еңбекті қорғауға бағытталған тексерулерді ұйымдастырады. Себебі, адам жұмысқа келіп, отбасына аман-сау оралуы керек.

Дүниежүзіндегі пандемия жағдайы өндірістің қалыпты жұмыс істеуінің негізгі факторларының бірі қауіпсіздік екенін көрсетті. Бұл жағдайда бүгінде жұмыс берушілер мен жұмысшылардың ынтымақтастығы маңызды. Қауіпсіз еңбек жағдайлары қамтамасыз етілмеген жерлерде адам денсаулығына және кәсіпорын қызметіне қауіп төнеді.

– Пандемия кезіндегі қауіпсіздік мәселесіне кеңірек тоқталып өтсеңіз?

– Қазіргі уақытта бүкіл ел бойынша кәсіподақтар коронавирустық инфекцияның таралуы-

қорғау жөніндегі шараларды сақтау қажеттігі туралы жиналыстар, нұсқамалар өткізеді.

– Алматы қаласы мәслихатының депутаты, Алматы қаласы бойынша мемлекеттік және өңірлік бағдарламаларды іске асыру жөніндегі қалалық комиссияның мүшесіз. Сіздің бұл қызметіңіз қалада еңбек қауіпсіздігінің сақталуына барынша ықпал етуге мүмкіндік беретін шығар?

– Өрине. Үкімет пен әкімдіктердің жергілікті жерлерде еңбек заңнамасының сақталуын, оның ішінде еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру бойынша үлкен жұмыс жүргізіп жатқанын көріп отырмын. Бірақ мемлекеттік қадағалау және бақылау органдары, жұмыс берушілер, кәсіподақ комитеттері жүргізіп жатқан жұмысқа қарамастан, өндірістегі жазатайым оқиғаларды, оның ішінде өліммен және ауыр нәтижемен аяқталған жағдайларды болдырмау әлі мүмкін емес. Сондықтан оларды тергеудің объективтілігі және жалпы профилактикалық жұмысы өте маңызды.

Алматы қаласы әлеуметтік қамсыздандыру басқармасының мәліметтеріне сәйкес, ағымдағы жылдың 1 сәуіріндегі жағдай бойынша 14 жазатайым оқиға болып, 15 адам зардап шеккен. Оның тоғызы жеңіл, бесеуі ауыр дәрежелі және біреуі өліммен аяқталған. Өлім жағдайы кәсіподақтар жоқ кәсіпорында орын алды. Адам өмірі мен денсаулығынан жоғары құндылықтар болуы мүмкін емес, жұмыс орындағы жарақаттанудың әрбір жағдайын кәсіподақтар төтенше жағдай ретінде қарастырады. Кәсіподақтар мен еңбек инспекцияларының бірлескен жұмысы жазатайым оқиғаларды тергеуді мұқият тексереді, жұмыс беруші барлық кінәні қызметкерге жүктемейді.

Бүгінгі таңда барлық кәсіподақ ұйымдарының міндеті – еңбек қауіпсіздігі мәдениетін қалыптастыруды қамтамасыз ету және кәсіпорындарда жарақаттануды төмендетуді нөлдік деңгейге дейін жеткізу. Бұл ретте әрбір қызметкер өз қауіпсіздігіне де, сондай-ақ бүкіл ұжымның қауіпсіздігіне де жауап береді және оларды жұмыс берушінің орындауын талап етеді. Егер әркім өз жұмыс орындағы қауіптермен таныс болса, еңбекті қорғау талаптары жұмысшылар үшін «қауіпсіздік рефлекстері» болады. Еңбекті қорғау ережелерін саналы түрде орындауға қол жеткізу, қауіпсіз жұмыс істеуге үйрету, соның ішінде жеке үлгі ретінде – барлық дәрежедегі және кәсіподақ комитеттері басшыларының басты міндеті.

– Сұхбатыңызға рақмет.

Ерлік ЕРЖАНҰЛЫ,
«Заң газеті»

МІНБЕР

ЕҢБЕК ДАУЫН ТУДЫРАТЫН СЕБЕП ӨРТҮРЛІ

Маңғыстау – мұнайлы өлке болғандықтан мұнда ірі кәсіпорын, мекемелер, яғни жұмыс орындары көп шоғырланған. Сондықтан, тәжірибемізде еңбек даулары жні ұшырасады.

Осы орайда, еңбек даулары деп қызметкер мен жұмыс беруші арасындағы еңбек туралы заңды қолдану, бұрын қызметкер мен жұмыс беруші арасында реттелмеген жеке еңбек, ұжымдық шарттардың орындалуы туралы келіспеушіліктер танылады. Негізінен, жұмыс беруші мен қызметкердің арасындағы еңбек дауларын туғызатын себептер әртүрлі. Алайда, еңбек заңнамасының талаптарын жете білмеуден немесе заң нормаларын бұзудан ортада көбіне еңбек даулары туындап жатады. Мұндай да адамдар соттан жұмысқа қайта орналастыруды, енді бірі жалақы өндіруді сұрайды.

Мәселен, Ақтау қаласының №2 сотында өткен жылдың 12 айында жұмысқа қайта орналастыру бойынша 45 іс қаралып аяқталған, 33 іс бойынша шешім шығарылып, оның ішінде 10-ы қанағаттандырылған. Ал, 2021 жылдың 3 айында жұмысқа қайта орналастыру бойынша 13 іс қаралып, 13-не шешім шығарылған, 8-і қанағаттандырылған.

Еліміздегі Еңбек кодексі Ата Заңымызға негізделген. Осы орайда, аталған заңнама әрбір тұлғаның еңбек етуге қатысты конституциялық құқығын толығымен қамтыған деуге негіз бар. Еңбек қатынастарын және еңбек қатынастарымен тікелей байланысты өзге де қатынастарды, еңбек қатынастары тараптарының құқықтары мен мүдделерін қорғауға, еңбек саласындағы құқықтар мен бостандықтардың ең төмен кепілдіктерін белгілеуге бағытталған Еңбек кодексі 23 тарау мен 204 баптан тұрады. Еңбек заңнамасының міндеттері еңбек қатынастары тараптары мүдделерінің теңгеріміне, әлеуметтік тұрақтылыққа, қоғамдық келісімге бағытталған қажетті құқықтық жағдайлар жасау екендігі белгілі. Арада туындаған қандайда бір еңбек даулары тараптардың келісімі бойынша немесе сот тәртібімен қаралатындығын айтып өткен жөн.

Еңбек кодексінің 160-бабында жеке еңбек дауларын қарау бойынша жүгіну мерзімдері көрсетілген. Атап айтсақ, жұмысқа қайта алу туралы даулар бойынша – еңбек шартын тоқтату туралы жұмыс беруші актісінің көшірмесі келісу комиссиясына табыс етілген немесе табыс етілгені туралы хабарламасы бар тапсырысты хатпен пошта арқылы жіберілген күннен бастап бір ай, ал сотқа жүгіну үшін – реттелмеген даулар бойынша жүгінген кезде не еңбек шарты тарапымен келісу комиссиясының шешімін орындамаған кезде келісу комиссиясы шешімінің көшірмесі табыс етілген немесе табыс етілгені туралы хабарламасы бар тапсырысты хатпен пошта арқылы жіберілген күннен бастап екі ай. Ал, басқа еңбек даулары бойынша – жұмыскер немесе жұмыс беруші өз құқығының бұзылғаны туралы білген немесе білуге тиіс күннен бастап бір жыл мерзім қарастырылған.

Жеке еңбек дауларынан бөлек, ұжымдық еңбек дауларын жұмыс беруші (жұмыс берушілер бірлестігі (қауымдастығы, одағы)), шешу мүмкін болмаған жағдайда – татуластыру комиссиясы, онда келісімге қол жеткізілмеген кезде – еңбек төрелігі, онда реттелмеген мәселелер бойынша істерді соттар қарайды. 2015 жылы қабылданған Еңбек кодексі еңбек қатынастарына мемлекеттің араласуын қысқартып, жұмыс берушінің жауапкершілігін одан әрі арттырды. Тағы бір айта кетерлігі, еңбек дауларын медиация арқылы шешуге мүмкіндік бар. Еңбек дауындағы екі тарап даудың кез келген сатысында медиацияға жүгінуіне және одан бас тартуына да болады.

Өрине, еңбек даулары бойынша медиация рәсімін қолдану тараптардың алдымен уақытын үнемдеп, жұмыс беруші мен қызметкер арасындағы жанжалды өзара шешуге мүмкіндік береді. Өңірде кәсіподақ орталығында татуластыру орталығы, кәсіпкерлер палатасында «Татуластыру рәсімдерінің секторы» жұмыс жасайды. Аталған қос орталық азаматтарға үздіксіз қызмет көрсетіп, өлке бойынша еңбек дауларын сотқа дейін, сотта татуластыру рәсімімен шешуге көмектесуде.

Қуандық АКЕРОВ,
Ақтау қаласының № 2 сотының судьясы

ӘКЕГЕ АРНАЛҒАН АЛИМЕНТ



Ақтөбеде ер жеткен екі ұлы әкесін асыраудан бас тартқан. 85 жастағы қария ауылда қарындасымен тұруға мәжбүр. Әрі денсаулығына байланысты дәрі-дәрмекке мұқтаж.

Шарасы қалмаған зейнеткер ұлдарынан алимент өндіруді сұрап, сотқа арыз түсірген. Қарияның айтуынша, ол заңды некеде тұрған. Жұбайы екеуі төрт ұлды өсіріп, олардың екеуіне қаладан үй мен пәтер сыйға берген. Алайда қазір қарт өзін-өзі қамтамасыз ете алмайды. Балалары өз еркімен көмектесуден бас тартқан. Қария соттан кіші ұлдары мүмкіндігінше көмек көрсететіндерін айтып, үлкен екі ұлынан ортақ түрде өзін күтіп-бағуға алимент өндіріп беруді сұрады.

Алайда сотта ұлдары алиментті барлық балаларынан бірдей өндіру керек деді. Олар өз отбасы, балаларының барын алға тартып, банк алдындағы қарызын желеу етіп жауаптылықтан құтылмақ болды. Әкесінің зейнетақы төлемі

бар екенін айтқан азаматтар талапты ішінара мойындады.

– Сот талапты ішінара қанағаттандырды. Талқылау барысында талап қоюшының ауыр үй жағдайы, оның банк алдындағы ақшалай міндеттемесі, дәрілік препараттарға мұқтаждығы және басқа да шығыстары толық анықталды. Сонымен қатар сот шешім қабылдау кезінде жауапкерлердің де балаларының болуын, несиелік міндеттемесін, жалақы деңгейін ескерді. Сот қарияның пайдасына бірінші ұлынан 10 АЕК, екінші ұлынан 5 АЕК алимент өндіру жөнінде шешім шығарды, – деп хабарлады облыстық соттың баспасөз қызметі.

Айта кетелік, Қазақстан Республикасы заңнамасына сәйкес, кәмелеттік жасқа толған, жұмысқа қабілетті перзенттері өзінің жұмыс істей алмайтын, көмекке мұқтаж ата-аналарын бағып, оларға қамқор болуға міндетті.

Жансая ЕСМАҒАНБЕТОВА
АҚТӨБЕ ҚАЛАСЫ

Кеңес Одағы тараған кезде дамыған елдердің бәрінің назары Қазақстанға ауғанын бүгінде біреу білсе, біреу білмейді. Әлемдегі жетекші мемлекет және қоғам қайраткерлерінің көбі сол кезде республиканы «оқ дәріге толы бөшкеге» теңеген болатын.

Территориясы жағынан әлемде тоғызыншы орын алатын елдің асты да, үсті де байлыққа тұнғанына қарамастан, оның болашағына үміттен гөрі, күдікпен қарағандар аз болған жоқ. Олардың қателескендерін мойындату ҚР Тұңғыш Президентіне оңайға түскен жоқ. Бұл бағыттағы

ланғаннан кейін де одан ауытқымаған Қазақстан Президентінің ықпалдастықты дамытуға нәліктен барынша күш салғанын өзге тұрмақ, аймақтағы өз әріптестерінің бәрі бірдей түсінген жоқ. «Қазір ынтымактасу мен іскерлік кезені. Қазір адамдардың өмірін жақсартуға бағыт-

КӨРГЕНІ ЖАҚСЫ КӨШ БАСТАР

төгілген тер мен тынымсыз еңбектің лайықты бағасын беру үшін әлі талай ұрпақ архив актары күмәнсіз. Өйткені, отаршыл Ресей патшалығы дәуірінен бастап, кеңестік тоталитарлық жүйе тұсында қазақ жері «бостандық аңсаған» қара шекпенділердің ғана емес, саяси тұтқындардың, репрессия құрбандарының отбасы мен туыс-туғандарынан бөлек, қуғын-сүргінге түсіп еріксіз қоныс аударған ұлт пен ұлыс өкілдерінің «халықтар түрмесіне» айналған болатын. Оған кейін тың игеру (1954-56 жж.), өнеркәсіп орындарын салу (1959-65жж) деген жөлеумен Одақтың түкпір-түкпірінен жиналған және БАМ құрылысы мен Алматы метросын салуға келгендер қосылды. Соның нәтижесінде бұл ұланғайыр жерді ұрпақтан ұрпаққа сақтап, жеткізген қазақтың үлесі өткен ғасырда күрт төмендеп, тәуелсіздіктен кейін ғана өсе бастады. Мәселен, халық санағында қазақтың үлесі1897 жылы 80 пайыз болса, 1917 жылы 58 пайыз, 1939 жылы 37,8 пайыз, 1959 жылы 29,8 пайыз, 1979 жылы 36 пайыз, 1989 жылы 37,8 пайыз, 1999 жылы 53,4 пайыз, 2009 жылы 63,1 пайызды құрады. Сондықтан «Тұлға болу дегеніміз – жауапты болу деген сөз» дегенді сөзімен де, ісімен де дәлелдеу үшін Кеңес Одағының трансформацияланып, Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы ұйымына айналуына бастамашы ғана болып қоймай, оған ерекше мүдделі болған Н.Назарбаевтың әлі күнге дейін ақтаушысы да, дағтаушысы аз емес. Аласапыран кезең – тұлғаның беріктігіне үлкен сынақ болды.

Кеңес Одағының шаңырағы шайқала бастаған кезде-ақ, алдымен экономика, содан кейін саясат деген ұстанымды басшылыққа алып, ел тәуелсіздігі жария-

талған шағын қадамның өзі шалқыған даңғаза ұраншылдық пен үдере үндеушіліктен әлдеқайда маңызды. ...Болашақ жақсы не жаман бола алмайды. Ол, біз оны қалай қалыптастырсaq, сондай ғана болады» деген сөздің парқын тек мемлекетінің тізгінін сеніп тапсырған Қазақстан халқы ғана біле алды. Ал діні бір, тілі, ділі ұқсас бауырлас халықтардың берекелі бірлігін сақтау жолында Қазақстан Республикасы Президентінің жасаған іс-әрекетін бағалау енді ғана басталды. «Нағыз саясатшыға ең кемі үш қасиет керек: теориялық дайындық, экономикалық қызмет тәжірибесі, қабылданған шешімнің орындалуына жауапкершілік» дегеніндей, сол тұста-ақ Орталық Азия ғана емес, ТМД-дағы одақтас өзге республика басшылары арасында ең ықпалды тұлғаға айналып келе жатқан Н.Әбішұлының абыройы мен беделі дос сүйініп, дұшпан күйінетіндей дәрежеде болатын. Оның «Алыстан ойламаған жақыннан уайым табады», «Дауы таусылмайтын елдің жауы таусылмайды» деген ұстанымының дұрыстығын өмірдің өзі дәлелдеді. Қысқа уақытта БҰҰ деңгейінде мойындалған әлемдегі 191 елдің 130-ымен дипломатиялық қарым-қатынас орнатып, сауда-саттықты үздіксіз дамытып келе жатқан Қазақстан ішкі және сыртқы тұрақтылығы жағынан бүкіл әлемде ең үлгілі мемлекет болып отыр. Қазақстан тәжірибесі БҰҰ-да мойындалып, оның тандап алған даму жолы әрдайым өзгелерге үлгі ретінде ұсынылып жүр.

«Мемлекеттік шекара – Тәуелсіздіктің басты белгілерінің бірі. Ел мен елді табыстыратын да – шекара, тартыстыратын да – шекара. Достық та осы жерде көрінеді, қастық та осы жерде көрінеді. Ел

жақындығы болмаса, жер жақындығының жақсылығынан гөрі жамандығы басым түспек» деген Елбасының табанды саясатының арқасында Қазақстан Орталық Азиядағы бұрынғы кеңестік республикалар арасында ең бірінші болып өзінің мемлекеттік шекарасын барлық көршілерімен заңдастырып алды. Сонау 1992 жылғы 30 қыркүйекте Алматыда өткен Дүниежүзі қазақтарының І құрылтайында сөйлеген сөзінде Елбасы: «Кезінде Қазақстанға қараған кейбір аудандарды республикаға қайтару жөніндегі талаптарға қатысты мынаны айтуға болады. Мұндай ойланбай айтылған сөздер, жауапсыз жазылған газет материалдары бауырлас халықтардың арасына жік салып, онсыз да ушығып тұрған ұлтаралық қатынастарды шиеленістіргеннен басқа ештеңе де бермейді. Біз тәуелсіз мемлекеттердің территориялық тұтастығын жақтаймыз, бүгінгі қалптасқан шекаралардың мызғымауға тиіс екенін қуаттаймыз, арандатушылыққа ермейміз» деген сөзінен кейін де еш ауытқыған жоқ. Мемлекеттік, мемлекетаралық, аймақтық және әлемдік қауіпсіздікті сақтау жолында ең бірінші болып ядролық октұмсықтарынан бас тартуы мен ядролық қарусыз әлем құруға бастамашы болғаны әлемдік қауымдас-тықта жоғары бағаланды. Н.Назарбаевтың «Адамдар ядроның қуатын меңгеруді үйренді, бірақ өздерін басқаруды үйрене алмады. Олар адамға деген сенімін жоғалтып, ядролық қуатқа сену сеніміне ие болды» дегені әлі күнге өз маңызын жойған жоқ. Қазақстанның түйткілді мәселені қарумен емес, дөңгелек үстел басындағы бейбіт келіссөздер арқылы шешу мақсатында Қарабақ, Ауғанстан, Сириядағы жағдайларда өзін бітімгершілік алаңы ретінде ұсынуы кездейсоқтық емес.

Адам мәңгі жасамайды, мәңгі жасайтын – оның ісі. ҚР Тұңғыш Президенті, Елбасы, Ұлт Көшбасшысы, ҚР Қауіпсіздік Кеңесінің төрағасы Нұрсұлтан Назарбаевтың Қазақстанның тәуелсіз ел ретінде қалыптасуы мен дамуындағы рөлі өте зор екені күмәнсіз. Биыл алдағы ширек ғасырда әлемнің ең дамыған 30 елінің қатарына кіруді алдына стратегиялық мақсат етіп қойып отырған Қазақстан тарихында Нұрсұлтан Назарбаевтың есімі көзі тірісінде-ақ алтын әріппен жазылып қалды. Өйткені, Тәуелсіздіктің 30 жылдық мерейтойын атап өткелі отырған Қазақстан Республикасының осы уақытқа дейінгі бүкіл жетістігі оның есімімен тығыз байланысты. Олар біртұтас ұғымға айналған, оны ешкім, ешқашан бөле алмайды.

Ерлік ЕРЖАНҰЛЫ,
«Заң газеті»

ТЕМІРҚАЗЫҚ

ОРТАҚ КЕЛІСІМГЕ КЕЛУ ПАЙДАЛЫ

**Бүгінгі таңда «Сот төрелі-
гінің 7 түйіні» бағ-
дарламасына
сай жүзеге асып
жатқан «Татуласу:
сотқа дейін, сот-
та» жобасының
қол жеткізген нә-
тижесі жоғары.
Әсіресе, дау ше-
шудегі таңдаудың
тараптарға берілуі
өзін-өзі ақтауда.**



У. ХАЙРУЛЛИНА,
Батыс Қазақстан облысы
МАЭС судьясы

Талап арыз қабылданғаннан кейін судья тараптарды татуласуға шақырады. Бұл процесс талап соттың істі жүргізуге шешім қабылдап және оны қозғағанға дейінгі аралықта жүзеге асады. Келіскен жағдайда тараптар татуласу рәсімінің түрін таңдап, ол туралы өтінішхатта көрсетеді. Бұдан соң судья азаматтық істі қозғау, істі сот талқылауына дайындау, тараптың өтінішхатын қабылдау туралы ұйғарым шығарып, татуласу рәсімін өткізеді.

Бітімгерлікке келетін кезде сот ешкімнің құқығына нұқсан келмеуін қарайды. Тараптар өзара келіскенімен, заңсыздық орын алса, сот оны бекітпейді. Медиацияның мақсаты – тараптарды бейбіт келісімге келтіру. Мұнда тараптар сот өндірісіндегідей «кінәлі» немесе «кінәсіз» деп бағаланбайды.

Барлық елде түрлі деңгейдегі даулар, келіспеушіліктер, құқық бұзушылықтар кездеседі. Олардың барлығын сотқа сүйреп, сот арқылы әділдік қалыптастыру мүмкін емес. Ең алдымен бұл соттардың жүктемесін арттырса, екіншіден сот арқылы дауды шешу, кінәліні жазалау ұзақ уақыт алатын процесс. Үшіншіден, өкіл жалдау, баж салығын төлеу секілді қосымша шығындарға алып келетіні анық. Төртіншіден сотқа дейін жетпеген істерде жеке өмірдің құпиясы сақталады. Сондықтан уақытты да, қалтадағы ақшаны да үнемдеп, сот саласын қосымша жүктемеден арылтудың, мәселені сотқа жеткізбей шешудің бірден бір жолы медиация жүйесі дер едік.

Батыс Қазақстан облысының ауданаралық экономикалық со-тының жанынан фронт-кеңсе

ашылған болатын. Ғимаратта ақпараттық орталық, кіріс кеңсесі және өзіне-өзі қызмет көрсету аймақтары орналасқан. Кеңсе медиация кабинетімен жабдықталған. Арадағы өзара ынтымақтастық туралы бекітілген келісімге сәйкес Өңірлік кәсіпкерлер палатасының өкілдері сотқа келіп кезекшілік жүргізеді. Мақсат – кәсіпкерлер арасындағы дауды бейбіт жолмен шешу және медиация шеңберінде аяқтау.

Әрине, істердің соттың құзырына жетпей, медиациялық жолмен шешілуі судьяларға тиімді екені рас. Сонымен бірге медиативтік келісімнің жасалуы қарапайым азаматтардың да уақыты мен қаржысын үнемдеуге қолайлы.

Күні бүгінге дейін азаматтардың түсініспеушілігінен туындаған дау-дамайлар немесе жанжалды мәселелер тараптардың сот билігіне жүгінуі арқылы шешілу-де. Өмір тәжірибесінің өзі көрсетіп отырғанындай, кез келген мәселенің сотта қаралуы бір күнде немесе бір аптада шешіле қойы-киын.

Ал «Медиация туралы» заң кез келген азаматтық келіспеушіліктерді, апталап, айлап қарамай-ақ, керісінше, істің күрделілігіне қарай бір-екі сағатта немесе бір-екі күнде шешуге жол ашады. Бұл ең алдымен, азаматтардың онсыз да жетпей жататын алтын уақыттарын жоғалтудан сақтайды.

ОЗЫҚ ТӘСІЛ

Әлемнің көптеген елдерінде дауды шешудің неғұрлым тиімді және балама әдістердің бірі – медиативтік келісім.

Тарихқа көз жүгіртсек, ертеде қазақ халқында әр ауыл-аймақта аузы дуалы, сөзге шешен ақсақалдар мен аналар екі жақты мәмілеге шақырып, ауызша келісімге келіп, жолмен мәселені шешіп отырған.

«Медиация туралы» заңның 23-бабына сәйкес медиация соттың қарауында жатқан жеке және заңды тұлғалар қатысатын азаматтық, еңбек, отбасылық және өзге де құқық қатынастарынан туындайтын дауларды реттеу кезінде медиация туралы шарт жасалған күннен бастап күнтізбелік отыз күннен кешіктірілмей аяқталуға тиіс. Қажет болған жағдайда, тараптар кейіннен сотқа бірлескен жазбаша хабарлама жібере отырып, медиацияны жүргізу мерзімін күнтізбелік отыз күнге дейін ұзартуы мүмкін, бірақ ол жиынтығында күнтізбелік алпыс күннен аспауға тиіс.

Қазіргі таңда медиация еңбек дауларында ғана емес отбасылық, коммерциялық саладағы бірқатар келіспеушіліктерді реттеу, яғни жою үшін қолданыла бастады. Бір ескеретін жағдай медиация барысында кінәлі не кінәсіз адам деген ұғым болмайды. Өйткені бұл адамзат құқығын және бостандығын қалпына келтіруге ықпал етеді. Қазақ халқы үшін бітімгершілік билік айтудың ең озық өнегесі. Бұл заң нормасы халқымыздың дәстүрлі билермен ата-бабалар тәрбиесін, әлеп-ғұрып тәжірибесін қалпына келтіруге бағытталған оң қадам деп есептесек қателеспесіміз анық.

Айбек ЕМБЕРГЕНОВ,
Шалқар аудандық сотының
бас маманы-сот отырысының хатшысы
АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫ

АРАҚ АЗҒЫНДЫҚҚА АПАРАДЫ

Адам баласының жарасымды тұрмыс құрып, үйлесімді дамуы үшін салауатты өмір сүруі қажет. Ал ол үшін азаматтың алдамшы құмарлықтан бас тартып, өзін-өзі тәрбиелей білуі – адам бойындағы ізгі қасиет.

Өкінішке орай, жұртшылықта «көпшілік орындарда алкогольді аздап, «мәдениетті» пайдалану маскүнемдік дертіне шалдықтырмайды, бұл өз мүмкіндігін пайдалана алмау және арақ іше білмейтін адамдардың үлесіндегі жағдай» – деген жалған түсінік қалыптасқан.

Алкогольдің ұрпақ үшін зияны үлкен. Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының нормативі бойынша жан басына шаққанда алкогольдік ішімдіктерді 8 литрден көп пайдаланатын елдің генофонды деградацияға ұшырайды. Ал Қазақстанда жан басына шаққанда алкогольдік ішімдікті пайдалану көрсеткіші 12 литрді құрап отыр.

Өнер, спорт, білім алу, кітап оқу, қол өнері және басқа сан-салалы пайдалы нәрселен шұғылдануға болады. Одан өмірін мәнді, мазмұнды бола түседі. Олай болса, арақсыз, есірткісіз, темекісіз әрі мазмұнды, әрі мәнді өмір сүруге болады. Ішкілікке үйір болып туатын адам жоқ, маскүнемдік тұқым да қуаламайды. Оған көбінесе орта себепкер. Маскүнемдіктен сақтандыру, оның алдын алу мәселесі бұл күндері кімді болса да бейғам қалдырмайды. Өйткені, маскүнемдіктің артында жеке адам, отбасы тағдыры тұр. Алкогольдік ішімдіктерді ішу немесе қоғамдық орындарға масаң күйде келуге жауаптылық заңмен белгіленген. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекстің 440-бабының бірінші бөлігі бойынша: Жергілікті атқарушы орган алкогольдік ішімдіктерді құйып сатуға рұқсат еткен сауда және қоғамдық тамақтандыру

ұйымдарынан басқа, көшелерде және басқа да қоғамдық орындарда алкогольдік ішімдіктерді ішу немесе қоғамдық орындарға масаң күйде келу – бес АЕК мөлшерінде айыппұл салуға алып келеді. Осы баптың екінші бөлігі бойынша: он сегіз жасқа толмаған адамдардың қоғамдық орындарға масаң күйде келуі, сол сияқты олардың алкогольдік ішімдіктерді ішуі – ата-анасына немесе оларды алмастыратын адамдарға бес АЕК мөлшерінде айыппұл салуға алып келеді. Осы баптың үшінші бөлігі бойынша, баптың бірінші және екінші бөлігінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасаған әрекеттер – он АЕК мөлшерінде айыппұл салуға не бес тәулікке дейінгі мерзімге әкімшілік қамқасқа алуға алып келеді.

«2021–2023 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы» заңының 9-бабының 4) тармағында, 2021 жылғы 1 қаңтардан бастап айыппұл санкцияларын қолдану үшін айлық есептік көрсеткіш – 2 917 теңге деп белгіленген.

«Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» кодекстің 57-бабының 10) тармағының, Қылмыстық кодекстің 54-бабының 1-бөлігінің 12) тармағының нормаларына сай, алкогольдік, есірткілік немесе уытқұмарлық масаң күйде әкімшілік, қылмыстық құқық бұзушылық жасау құқық бұзушылық үшін жауаптылықты ауырлататын мән-жайлар деп танылады.

Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 7 сәуірдегі №2184 «Алкоголизмге, нашақорлық пен уытқұмарлық дертіне



шалдыққан ауруларды мәжбүрлі емдеу туралы» заңының 4-бабынан талаптары бойынша алкогольизмге, нашақорлық немесе уытқұмарлық дертіне шалдыққан ауруларды еркінен тыс мәжбүрлеп емдеуге арналған наркологиялық ұйымдарға жіберіледі.

Аталған заңдар аясында ауданымыздың бірнеше азаматы әкімшілік жауаптылыққа тартылса, біразы еріксіз мәжбүрлеп емдеуге жіберілді, ал алкогольдік, есірткілік немесе уытқұмарлық масаң күйде әкімшілік, қылмыстық құқық бұзушылық жасау құқық бұзушылық үшін жауаптылықты ауырлататын мән-жайлар ретінде танылды. Елімізде жылда тіркелетін құқық бұзушылықтың 41 пайызы осы ішімдіктің әсерінен болатындығын біреу білсе, біреу білмейді.

Асқар ЗИАДА,
Қорғалжын аудандық
сотының судьясы
АҚМОЛА ОБЛЫСЫ

ЖЕГІҚҰРТ

Сыбайлас жемқорлықпен ымырасыз күрес жүргізу кез келген мемлекеттің басты ұстанымы. Жең ұшынан жалғасу, мемлекеттік мәселелерді тамыр-таныстың көмегімен реттеудің соңы елді тығырыққа тірейді. Ертеңін ойлаған елдердің ең алдымен жемқорлыққа тосқауыл қоюды мақсат ететіні сондықтан.

КӨПТІҢ ІСІ ӨНІМДІ

Жегіқұртты жеңу қиын, паракорлықты тыю күрделі деген секілді сылтаулардың бүгінде күні өтті. Себебі Сингапур, Швейцария, Нидерланды сияқты дамыған елдер сыбайластықты да жеңуге болатынын өз тәжірибесінде көрсетті. Шынында да мақсат қойған мемлекеттер жемқорлықтан таза қоғам орната алатынына баршамыздың көзіміз жетіп отыр. Оның механизмі де соншалықты күрделі емес.

Озық елдердің үлгісіне көз тіккенде сыбайлас жемқорлықты жоюдың бірінші құралы ретінде ашықтықты пайдаланғанын байқауға болады. Мемлекеттік қызметте, мемлекеттік сатып алу алаңында ешқандай жасырып, жабу жоқ. Мемлекеттік қызметкерлердің атқарған жұмысы, нәтижесі, ол үшін алатын жалақысына дейін анық, бүкпесіз көрсетіліп тұрады. Бұл – өз абыройын ойлаған қызметкерлерді табысына сай сапалы еңбек етуге мәжбүрлейді.

Екінші бір тетік – заңның пәрменіне байланысты. Заң талаптары баршаға ортақ. Осы қағида толықтай жүзеге асып, азаматтардың оған

толық көзі жеткенде елде сыбайлас жемқорлыққа жол берілмейді.

Үшінші тетік – қоғамның белсенділігіне тікелей қатысты. Кез келген жоба өміршең болуы үшін көпшіліктің көңілінен шығуы қажет. Қоғам қолдамаған бастамалардың орындалмай орта жолда қалатынын күнделікті өмірде көріп жүрміз. Ал жоғарыдағы елдер сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатқа бүкіл халықты жұмылдыра білген. Ел ішінде жемқорлыққа мүлде төзбеушілік көзқарасын қалыптастырған.

Қазақстанда да сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес бір сәт те тоқтаған емес. Бүгінде озық елдердің тәжірибесін ұтымды пайдалана отырып, жемқорлықты ауыздықтаудың ауқымды жоспары жасалған. Енді тек осы кешенді іске елді ұйыту маңызды. Өйткені көптің ісі өнімді.

А.ЕРУБАЙ,
Алматы қаласы мамандандырылған
ауданаралық экономикалық
сотының жетекші маманы

СОТ СӨЙЛЕСІН

ҰЛТТЫ ҰЙЫТҚАН
ЖОСПАР

100 нақты қадамнан тұратын «Ұлт жоспары» ұлтты ұйытып, ұтымды істерге бастады. Осы стратегиялық құжатқа сүйене отырып әр сала өз жұмысын бірізге түсірді. Сол қатарда қазақстандық сот та бар.

Ұлт жоспарындағы «100 нақты қадамның» 11-і заң үстемдігін нығайтуға бағытталған еді. Бұл тапсырмалар сотқа қатысты көптеген заңдық құжаттардың қабылданып, саланың қызметін реттеуге көмектесетін өзгерістер мен толықтырулардың қолға алынуына түрткі болды. Ал Жоғарғы Сот төрағасы Жакып Асановтың бастамасымен жасалған «Сот жүйесін дамытудың жеті түйіні» бағдарламасы Ұлт жоспарын үзіп алмай, лайықты жалғастырудың тетігі саналады.

Отандық сотты халыққа жақындатуды көздеген бұл жобаның жасалуына азаматтық қоғам айтарлықтай үлес қосты.

Жоғарғы Сот төрағасының бірнеше үндеуінен кейін, үшінші билікке қатысты ұсыныс, пікірлерімен бөліскен азаматтар жаңа бағдарламаның сапалық дайындалуына ықпал етті. Маңызды істің басы-қасында судьялар мен ардагер судьялар, ғалымдар мен адвокаттар, заңгер мен қоғам белсенділері тұрды. Олардың сот жұмысына қатысты байқаған сын-ескертпелері, ұсыныс-тілектері сот төрелігі бағдар етер жеті жобаға жіктеліп берілді.

Осы қадамы арқылы Жакып Қажыманұлы қоғаммен байланысқа айрықша көңіл бөлетінін дәлелдеді. Сонымен бірге бұл сот саласының қарапайым ха-

лықпен ашық диалог орнатудан қашпайтынын көрсетті.

Мұндағы жеті тапсырманың әділеттілікті нығайтып, судьяның жауапкершілігі мен тәуелсіздігін арттыруға, сот төрелігінің тиімділігін көтеріп, әкімшілік юстицияны жетілдіруге, тергеу судьясының құзыретін кеңейтіп, соттардың біліктілігін көтеруге, сонымен бірге, цифрландыруға бағытталуы тегін емес.

Өткеніміз бен бүгінімізді таразылағанда Ұлт жоспарындағы тапсырмалардың да, Сот төрелігінің жеті түйінінде көтерілген өзекті мәселелердің ретімен шешілгеніне көз жеткіземіз. Жаксы істер алдағы уақытта да жалғаса бермек.

Марат НҮРБЕКОВ,
Алатау аудандық сотының
судьясы
АЛМАТЫ ҚАЛАСЫ

ӨРТҮРЛІ

2. «NOMETRUST», БСН 021040000312, жауапкершілігі шектеулі серіктестігі жарғғылық капиталының азайғаны туралы хабарлайды. Несиегерлер мен мүдделі тұлғалардың талап-шағымдары осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 1 (бір) ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Алматы қаласы, Әуезов ауданы, Таутүл-1 ықшамауданы, 32-үй, 10-пәтер.

4. «Заң газетінің» 09.02.2021 жылғы №11 санында жарияланған хабарландырудағы «Қазалы аудандық селолық кооперативі» деген атауы (БСН 991240000925) «Қазалы аудандық селолық тұтыну кооперативі» деп оқылсын.

5. СҚО МАЭС-ның 2020 жылғы 28 қыркүйектегі шешімімен мынадай заңды тұлғаларға қатысты мәжбүрлеп тарату рәсімі басталды: «АрКер-Холдинг» (БСН 120840006180); «КазКомСофт» ЖШС (БСН 111040009622). Тарату комиссиясы шағымдарды хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжай бойынша қабылдайды: СҚО, Петропавл қаласы, К.Сүтішев көшесі, 56, тел. 8(7152)461006.

7. Нұр-Сұлтан қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының 2021 жыл 19 сәуіртегі ұйғарымымен Нұр-Сұлтан қаласы әл-Фараби даңғылы, 113 мекенжайы бойынша орналасқан «LAIM GROUP ASTANA» ЖШС-не (БСН 110240009875) қатысты оналту рәсімін қолдану туралы іс өндірісі қозғалды. Барлық сұрастар бойынша уақытша әкімші К.К. Мауленоваға 87088508736 тел. арқылы хабарласуға болады.

8. «ШАГАЛА МЕНЕДЖМЕНТ» ЖШС, БСН 060940007248, өзінің «Caspian Offshore Construction Realty» («Caspian Offshore Construction Realty») ЖШС-не (БСН 040540001250) қосылуы арқылы қайта ұйымдастырылатыны туралы хабарлайды. Талап-арыздар екі ай мерзім ішінде келесі мекенжай бойынша қабылданады: Алматы қаласы, Бөйшек көшесі, 23-үй. Телефон: 8(727)3550484.

9. «Itasia Engineering (Итазия Инжиниринг)» ЖШС, БСН 061240003877, өзінің «Caspian Offshore Construction Realty» («Caspian Offshore Construction Realty») ЖШС-не (БСН 040540001250) қосылуы арқылы қайта ұйымдастырылатыны туралы хабарлайды. Талап-арыздар екі ай мерзім ішінде келесі мекенжай бойынша қабылданады: Алматы қаласы, Бөйшек көшесі, 23-үй, 5-көне. Телефон: 8(727)3550484.

10. «Каспий Лимитед» ЖШС, БСН 940740001503, өзінің «Caspian Offshore Construction Realty» («Caspian Offshore Construction Realty») ЖШС-не (БСН 040540001250) қосылуы арқылы қайта ұйымдастырылатыны туралы хабарлайды. Талап-арыздар екі ай мерзім ішінде келесі мекенжай бойынша қабылданады: Атырау қаласы, Қайыраталы Смағұлов көшесі, 1 қырлыс, телефон: 8(7122)458546.

11. «Флеч» ЖШС, БСН 120940006144, өзінің «Caspian Offshore Construction Realty» («Caspian Offshore Construction Realty») ЖШС-не (БСН 040540001250) қосылуы арқылы қайта ұйымдастырылатыны туралы хабарлайды. Талап-арыздар екі ай мерзім ішінде келесі мекенжай бойынша қабылданады: Атырау қаласы, Қайыраталы Смағұлов көшесі, 1 қырлыс, телефон: 8(701)0270593.

12. «Баян Лимител» ЖШС, БСН 040740006030, өзінің «Caspian Offshore Construction Realty» («Caspian Offshore Construction Realty») ЖШС-не (БСН 040540001250) қосылуы арқылы қайта ұйымдастырылатыны туралы хабарлайды. Талап-арыздар екі ай мерзім ішінде келесі мекенжай бойынша қабылданады: Орал қаласы, Т.Масин көшесі, 67/1-үй, телефон: 8(7112)506017.

13. «ШАГАЛА АКСАЙ» ЖШС, БСН 070140003951, өзінің «Caspian Offshore Construction Realty» («Caspian Offshore Construction Realty») ЖШС-не (БСН 040540001250) қосылуы арқылы қайта ұйымдастырылатыны туралы хабарлайды. Талап-арыздар екі ай мерзім ішінде келесі мекенжай бойынша қабылданады: Батыс Қазақстан облысы, Бөрлі ауданы, Аксай қаласы, Халықтар достығы көшесі, 22 үй, телефон: 8(7113)35655.

14. «АКТАУ ДЕВЕЛОПМЕНТ КОМПАНИ» ЖШС, БСН 061040003443, өзінің «Caspian Offshore Construction Realty» («Caspian Offshore Construction Realty») ЖШС-не (БСН 040540001250) қосылуы арқылы қайта ұйымдастырылатыны туралы хабарлайды. Талап-арыздар екі ай мерзім ішінде келесі мекенжай бойынша қабылданады: Ақтау қаласы, 1Б ықшамауданы, 1-ғимарат, телефон: 8(7292)515510.

15. «IFF INVEST CONTRACT FORT» ЖШС, БСН 200540020043, жарғғылық капиталының азайғаны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Алматы қаласы, Қонаев көшесі, 77. Тел: 87776416666.

16. Қатысушы Валентина Григорьевна Саликованың «Күтузовское-Алиби» ЖШС-не, «Қазақстан Халық Банкі» АҚ-на, «Серновая лицензговая компания» ЖШС-не, «Коллекторское агенство Казахстана Секьюрити Систем» ЖШС-не 2008 жылғы 23 наурыздағы №434 жер пайдалану құқығының кепілі туралы келісімді және «Күтузовское-Алиби» ЖШС қатысушылардың жалпы жиналысының 2007 жылғы 5 қарашадағы шешімін жарамсыз деп тану туралы талап арызды бойынша сот отырысы туралы қатысушыларға «Күтузовское-Алиби» ЖШС-не хабарлаймыз. Сот отырысы 2021 жылы 13 мамырда сағат 11:30-да Петропавл қаласы, Брусиловский көшесі, 60-үй мекенжайы бойынша Солтүстік Қазақстан облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының ғимаратында өтеді.

ҚОЛАЙЛЫ, ТЕЗ ӘРІ АРЗАН



«ЗАҢ ГАЗЕТІ» ЖӘНЕ «ЮРИДИЧЕСКАЯ ГАЗЕТА» БАСЫЛЫМДАРЫНА хабарламаларды енді біздің zanreklama.kz сайтымыз арқылы беруге болады. Қазақстанның кез келген түкпірінен, құжаттар саны өте аз.

Барлық сұрастар бойынша: 87089299874 (Аян)

ДҮНГІРШЕКТЕРДЕ САТЫЛЫМДА

«Заң газеті» және «Юридическая газета» басылымдары енді «Караван-Престіж» Алматы қаласындағы 64 дүңгіршегінде сатылымда болады. Дүңгіршектердің мекенжайларын ғаламтордан табуға болады.



Нұр-Сұлтан қаласында газеттерді «Алты Алаш» сауда нүктелерінен таба аласыз. Тел.: 87015728847.

ТАРАТУ

3. «Әділет» жеке адвокаттық кеңсесі» мекемесі (БСН 961240003627) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Қазақстан Республикасы, Маңғыстау облысы, Ақтау қаласы, 12 ықшамаудан, 15-үй, 57-пәтер. Телефон: 87015221922.

6. ТОО «Ай-Темир САТ» (БИН 101040006379) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Казакстан Республикасы, 020000, Ақмола облысы, Көкшетау қаласы, Абылай хан даңғылы, 8-үй, 29-пәтер.

17. «Сыпатай групп» ауыл шаруашылығы өндірістік кооперативі, БСН 180340017812, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап, екі ай мерзім ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Қазақстан, Алматы облысы, Еңбекшіқазақ ауданы,Шелек ауылы, Розыбакиева, көшесі, 132 үй, индексі 040462. Тел. 87714426190.

МҰРАГЕРЛІК

18. 2020 жылғы 14 желтоқсанда қайтыс болған Қаракойшиев Жакиптың артынан мұра ашылды. Мұрагерлері немесе мұра туралы білгісі келгендер Еңбекшіқазақ ауданы, Шелек ауылы, Б.Момышұлы көшесі, 81А мекенжайы бойынша нотариус Ә.Б.Әкімханға жолығулары қажет. Тел.: 87773677972.

«GoldKapital» ЖК Нұр-Сұлтан қаласы Абай көшесі,78,105-көнеce.Тел.: 8 (7172) 52-02-11

ЖК «TRade and service», Алматы қ.,ш/а Жетісу-3,55/133.

ЖК «Gold Capital» Нұр-Сұлтан қ., Абай көшесі,78, 105-көнеce. Тел.: 8 (7172) 52-02-11, 8(702)839-90-86.

«Грация» ЖШС, Атырау қаласы,Махамбетов көшесі, 107-а, 2-бөлме, тел.: 32-14-29, 30-65-24, 8701 920 4538.

«ОрСлужба» ЖШС, Көкшетау қ., Е. Әуелбеков көшесі,129. Тел.: 8 (7162) 25-77-17,8(747)8097074.

«Версия-Пресс» ЖШС, Павлодар қ., Естай көшесі 40. Тел.: 8 (7182) 32-47-67,32-49-04

«Айди» ЖШС, Қарағанды қ.,Жамбыл көшесі,11. Тел.: 8 (7112) 42-00-71.

Қалиасқаров Нұрлан Нұрғыснұлы ЖК, Петропавл қ.,К.Сүтішов көшесі,58,30-бөлме,3-қабат. Тел.: 8 (7152) 46-02-57,ұялы тел.: 8 (777) 572-29-91, 8 (701) 315-54-59.

ЖК «Бакирова Г.», Шымкент қ.,Желтоқсан көшесі,18. Әділет Департаментінің жанында. Тел.: 8 705 714 58 77.

Михеева Ольга Станиславовна ЖК, Қостанай қ.,Гоголь көшесі,110, BP 67 (Чехов-Гоголь көш. қиылысы),Тел.: 8-7114-2-50-97-07, ұялы тел.: 8-7758847211,8-7053506918.

«Озат-1» ЖШС, Ақтөбе қ.,Алтынсарин көшесі 31. Тел.: 8 (7132) 40-41-05,ұялы тел.: 87774348344 және Ақтау қаласы.

ЖК «SAPA KZ» Атырау қаласы, ұялы тел.: 87781063779,е-mail:zan-at@mail.ru.

«Назар-1 фирмасы» ЖШС («РУТА» ЖА),директоры Кривилова Татьяна Ивановна. Шымкент қ., Г.Ильяев көшесі,47 (Шаймерденов қ. бұрышы) RBK банктің жанында,Тел.: 8 (7252) 53-40-48. WhatsApp : +7-705-705-31-31. E-mail: nazar.reklama@gmail.com

«Юридическая фирма «Консультант» ЖШС Орал қ.,Л.Толстой көшесі,28. Тел.: 8 (7112) 50-88-05.

«Реклама» ЖШС, Орал қ., Достық-Дружба даңғылы,182. Тел.: 8 (7112) 50-47-34.

ЖК «Сагидоллина Б.», 1 Теміржол вокзалы, Р.Зорге көшесі 8,«Лина» шаштаразы. ardawka_94@mail.ru,Тел: 87058762218.

«Компания Жете» ЖШС, Талдықорған қ.,ш/а, Молодежный 3-үй, 1-п. Тел.: 8(7282) 22-29-66, 87058147221.

ЖК Гавриленко И.И., Қостанай қ.,пр. Әл-Фараби 119-үй,407-А бөлме. Тел/факс: 8 (7142) 53-63-21.

«Жас Отау» ЖК Қыдырбаева Н.Н.Қызыл-орда қ., Әйтеке би көшесі, 27. Тел.: 26-45-89, ұялы тел: 8 (777)402-28-28; 8 (700) 332-24-78

ЖК Тажибаева, Тараз қаласы, Қойкелді көшесі 158 а, ЖҚО аумағы. Ұялы тел.: 87017268772, 87054422939.

ЖК Новоселова Лилия, Петропавл қаласы,Қазақстан Конституциясы көшесі,28-үй,1-қабат. Тел.: (87152) 46-74-77,8-777-228-64-13.

ЖК «Reklam Service», Тараз қаласы,Төле би көшесі,73 (ауладан кіру). Тел.: 8(7262)502222,ұялы тел: 87019457336 Татьяна.

ЖК «Видай», Өскемен қаласы,60. Тел.: 8(7232) 578414, ұялы тел.: 87772256506.

ЖАРНАМА
БӨЛІМІ:

Алматы қаласы
Тел.: 8(727) 292-29-27,
292-40-89,
факс:
8 (747) 428-26-10

E-mail:
zanreklama@mail.ru
zanreklama.kz

ЖАРНАМА ҚАБЫЛДАЙТЫН
ОРЫНДАР:

«Sokrat-PV» Юридическое агенство» ЖШС, Павлодар қаласы,Крупская көшесі,61,көнеce 23. Телефон: 87027159520; 87182221266 (жұмыс).

«KAiROS» ЖК, Алматы қаласы,Жібек жолы даңғылы,55,Пушкин көшесімен қиылысы,«Алма» СО, 4 қабат, ресепшн, тел.: 271-49-39, 8707 705-92-22. E-mail: kaldybaeva@mail.ru. Барлық хабарландыруды What's app бойынша қабылдаймыз.

ЖК «Кандыбаева», Газеттерге, журналдарға және сайттарға хабарландыру қабылдау агенттігі: 8(727)327 30 92, тел/факс: 273 47 98, 8 707 895 21 99,8 701 739 27 83,8 705 185 75 73 www.gazetyisaity.kz,е-mail: vsegazety@mail.ru Алматы қ., Абылай хан даң., 60, Мақатаев көш. қиылысы,208 көнеce.

Арлан-консалтинг ЖШС, Семей қ., К.Мұхаметханов көшесі,23 «А»,104-бөлме. Тел.: 8 (705) 798-58-18,8(708)4672701

БОРЫШКЕРЛЕР ЕЛДЕН ШЫҒА АЛМАЙДЫ

Борышкердің ҚР-нан шығуын уақытша шектеу сот орындаушылары жүзеге асыратын мәжбүрлеп орындату шараларының бірі.

Азаматтың берешегінің немесе ақша қаражатын өндіріп алу туралы сот шешімінің болуы сыртқа шығуды шектеу үшін жеткіліксіз, себебі, ҚР «Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы» заңының 33-бабының талаптарына сәйкес сот орындаушысы шығарған және осындай шектеуді белгілейтін сот санкциялаған қаулы міндетті түрде болуға тиіс.

Заңның 33-бабы борышкер болып табылатын жеке тұлғаның, заңды тұлға басшысының (оның міндетін атқарушының) ел аумағынан шығуға құқығын уақытша шектеу тәртібін айқындайды. Заңның осы нормасы сот актісін орындаудан дәлелсіз себептермен жалтарған борышкерге жауапкершілік шарасы ретінде қарастырылады. Занда көзделген мұндай шара олардың алдында туындаған міндеттемелер бойынша өндіріп алушы азаматтар мен заңды тұлғалардың атқарушылық іс жүргізу міндеттерін орындау құқықтарын қорғауға бағытталған.

Мәжбүрлеп орындату шараларын қолдану, атап айтқанда борышкердің ҚР аумағынан тыс жерге шығу құқығын шектеу туралы қаулы шығаруға:

- атқарушылық құжаттың мерзімді төлемдерді өндіріп алу туралы талаптары үш айдан астам;
- республикалық бюджет туралы занда

тиісті қаржы жылына белгіленген қырық еселенген айлық есептік көрсеткішке тең не одан асатын сомаға атқарушылық құжаттың талаптарын орындамау негіз болады.

Сот орындаушысының қаулысын сот материалдар келіп түскен кезден бастап үш жұмыс күні ішінде қарайды. Санкция беру не санкция беруден бас тарту туралы мәселені шешу кезінде сот ҚР Конституциясын, Азаматтық процестік кодексін, «Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы» заңын басшылыққа алады.

2020 жылы Қарағанды қаласының Октябрь ауданының №3 сотының қарауына сот орындаушыларының борышкерлерді Қазақстаннан шығару құқығын уақытша шектеу туралы 399 қаулы келіп түсті. Бұл 2019 жылмен салыстырғанда 375 қаулыға немесе 48%-ға аз. Осы ретте келіп түскен қаулылардың айтарлықтай төмендегені байқалады. Аталған жағдай атқарушылық іс жүргізу туралы заңнамадағы өзгерістерге байланысты. «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне атқарушылық іс жүргізуді және қылмыстық заңнаманы жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заңында мұндай шектеу борышкерге осындай шараларды қолдану мүмкіндігі туралы тиісті хабарланған күннен бастап бес жұмыс күні өткеннен кейін ғана қойылуы мүмкін деп белгіленген.

Заң талаптарына қарамастан, сот орындаушылары қырық еселенген АЕК-тен кем берешегі бар борышкерлердің шетелге шығуын шектеу туралы санкция алу үшін,

борышкерге осындай шаралардың қолданылуы мүмкін екендігі туралы тиісінше хабардар етпей немесе хабарлаған күннен бастап бес жұмыс күні өткенге дейін сотқа жүгінуді жалғастыруда. Мұндай қаулылар тіркеусіз қайтарылады.

Статистикалық көрсеткіштерге сәйкес, келіп түскен материалдардың жалпы санының 254-і (64 %) бойынша борышкерлердің республика аумағынан тыс жерлерге шығуы шектелген.

Сотпен санкцияланған қаулылар атқарушылық іс жүргізудің мемлекеттік автоматтандырылған ақпараттық жүйесі арқылы ҚР Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Шекара қызметіне орындау үшін жіберіледі.

Қазақстаннан шығуды уақытша шектеуді алып тастау мынадай: 1) заңның 47-бабында көзделген негіздер бойынша атқарушылық іс жүргізу тоқтатылған; 2) мерзімдік өндіріп алулар туралы атқарушылық іс жүргізулер бойынша берешек болмаған; 3) атқарушылық құжат соттың немесе құжатты берген басқа органның талап етуі бойынша орындалмай қайтарылған; 4) мемлекет пайдасына өндіріп алуларды қоспағанда, өндіріп алушы өтініш берген; 5) басшы заңды тұлғаның жалғыз құрылтайшысы (қатысушысы) болып табылатын жағдайларды қоспағанда, борышкер болып табылатын заңды тұлғаның басшысы ауысқан; 6) сот орындаушысының атқарушылық іс жүргізуді қозғау туралы қаулысының күші жойылған жағдайларда бір жұмыс күні ішінде жүргізіледі.

Сонымен қатар заңмен борышкердің ҚР-нан тыс жерлерде емдеу жүргізу қажет болған жағдайларда шығуын уақытша шектеуді тоқтата тұру жағдайы бекітілген.

Уақытша шектеуді тоқтата тұру мерзімі көрсетілген сот орындаушысының қаулысы сотпен санкциялануға тиіс.

Ерлан ШЕГЕНОВ,
Октябрь ауданы
№3 сотының төрағасы
ҚАРАҒАНДЫ ҚАЛАСЫ



С.ЖУМАШКИНА,
Хромтау аудандық сотының судьясы

дауды реттеу туралы келісімдерді орындау; партисипативтік рәсім тәртібімен жасалынған, дауларды реттеу туралы келісімдерді орындау; занда белгіленген немесе шартта көзделген жағдайларда сотқа дейін реттеу тәртібімен жасалған дауларды медиация тәртібімен реттеу туралы келісімдерді, кәсіпкерлік, инвестициялық қызметке, сақтандыру даулары және банктік қарыз шарттарынан туындайтын даулар бойынша келісімдерді, тұтынушылардың құқықтарын қорғау саласындағы даулар бойынша келісімдерді, зияткерлік меншік құқықтарын қорғау саласындағы даулар бойынша келісімдерді, неке-отбасылық қатынастар саласындағы даулар бойынша келісімдерді және өзге де келісімдерді орындау туралы талаптар бойынша шығарады.

Осылайша, егер өндіріп алушының талабы жоғарыда көрсетілгендерге сәйкес келсе, онда сот бұйрығын шығару туралы өтініш берілуі мүмкін. Сот бұйрығын судья арыз сотқа келіп түскен күннен бастап 3 жұмыс күні ішінде шығарады. Өз кезегінде, борышкер сот бұйрығының көшірмесін алған немесе оның шығарылғаны туралы белгілі

болған күннен бастап 10 жұмыс күні ішінде сотқа мәлімделген талапқа қарсылықтарын жіберуге құқылы.

Егер борышкерден сотқа осы мерзімде қарсылық келіп түссе не құқықтары мен міндеттері сот бұйрығымен қозғалатын басқа адамның арызы келіп түссе, онда судья ұйғарыммен сот бұйрығының күшін жояды. Осыдан кейін өндіріп алушы мәлімдеген талап қою ісін жүргізу тәртібімен қоюы мүмкін.

Егер белгіленген мерзімде борышкерден қарсылық немесе арыз келіп түспесе, судья өндіріп алушыға оны орындауға ұсыну үшін соттың мөрімен куәландырылған сот бұйрығын береді. Сот бұйрығының атқарушылық құжат күші болады, осыған байланысты сот бұйрығы бойынша атқару парағы жазылмайды.

Істерді оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен судья арыз қабылданған күннен бастап бір ай мерзімде қарайды. Бұл мерзім ұзартылуға жатпайды. Талап арыз жалпы ережелер бойынша беріледі.

Талап қою бағасы заңды тұлғалар үшін – 2 мың АЕК, дара кәсіпкерлер, азаматтар үшін 1 мың АЕК-тен аспаса, ақшаны өндіріп алу туралы талап қою арыздары бойынша; талап қою бағасына қарамастан, талап қоюшы ұсынған, жауапкердің ақшалай міндеттемелерін белгілейтін құжаттарға және шарт бойынша берешекті растайтын құжаттарға негізделген талап қою арыздары бойынша істер жеңілдетілген (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралуға жатады.

Талап қою арызын іс жүргізуге қабылдау туралы ұйғарымда сот істі оңайлатылған іс жүргізу тәртібімен қаралуын көрсетеді, бұл туралы тараптарға хабарлайды, сондай-ақ жауапкер өзі негіздейтін құжаттар мен дәлелдемелерді қоса бере отырып, талап қою арызына пікірді (қарсылықты) ұсынуға тиіс он бес жұмыс күндік мерзімді белгілейді. Жауапкер пікірге (қарсылыққа) оның көшірмесінің талап қоюшыға жіберілгенін растайтын құжатты қоса беруге тиіс.

ДАКТИЛОСКОПИЯ ҚЫЛМЫСТЫ АШУҒА КӨМЕКТЕСЕДІ

Дактилоскопия – тұлғаны криминалистикалық сәйкестендіру, қылмыстық тіркеу және қылмыскерлерді іздестіру мақсатында саусақ ұшындағы тері өрнектерінің құрылысын зерттейтін криминалистиканың бөлімі. Құрылымы ойықтармен бөлінген терінің қабыршақты шығыңқы қатарларынан тұратын, саусақ фалангтерінің алақан бетінде рельефтік сызықтар-папиллярлар орналасқан. Бұл сызықтар күрделі тері өрнектерін (доғал, ілімекті және бұйраланған) құрап, даралық, салыстырмалы тұрақтылық сияқты қасиеттерге ие. Мұның бәрі: қылмыс орнында табылған саусақ іздері бойынша адамды сот-медициналық анықтау; саусақ ізін тіркеуді қолдана отырып, бұрын сотталған ретінде тіркелген қылмыскерді анықтау, белгісіз мәйітті анықтау, жоғалған адамдарды іздеуге көмектеседі.

Қылмыстық іс-әрекетті жасау кезінде қылмыс орнында әртүрлі іздер қалады, бұл қылмыс жасаған тұлғаны көрсете алады. «Із» ұғымы криминалистикадан туындайды, ол қоршаған ортадағы әртүрлі өзгерістерді немесе қылмыстық іс-әрекет нәтижесінде пайда болған объектілерді білдіреді. Дактилоскопия сияқты ғылым саусақ іздерін, алақанның бетін зерттеуге, қылмыстарды ашу және одан әрі болдырмау үшін іздерді анықтау, зерттеу әдістеріне мамандандырылған.

Сот-медициналық саусақ іздерін алу процесі күдіктілерден зерттеу үшін қажетті үлгілерді алу мүмкіндігін белгілейтін Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексімен бекітілген. Алынған нәтижелер күдіктінің қылмысқа қатыстылығын анықтауға немесе тұлғаны саусақ іздері арқылы анықтауға көмектеседі.

Бүгінгі таңда Қазақстан Республикасы – дактилоскопияның, сондай-ақ оларды ішкі істер органдарының күнделікті жұмысында қолданудың автоматтандырылған жүйелерін пайдаланушылардың бірі. Бас прокуратураның Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитеті саусақ іздері жүйесі қалыптастыратын дактилоскопиялық ақпаратын сақтауды, жинақтауды, өңдеуді қамтамасыз ететін АДАЖ – автоматтандырылған дактилоскопиялық ақпараттық жүйесін пайдаланады.

Жанар КӨКЕТАЕВА,
Алматы қаласы бойынша ҚР БП ҚСЖАЕАЖК
бөлім прокуроры

Қарызды өндіріп алу ісі сот тәжірибесінде көп таралған. Берешекті өндіріп алу ұғымына борышкердің шарт бойынша көзделген өз міндеттемесін орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін кредитордың пайдасына тұрақсыздық айыбын (өсімпұл) өндіріп алу да кіреді. Заң бойынша берешекті өндіріп алудың сотқа дейінгі тәртібі және сот тәртібі көзделген.

ҚАРЫЗДЫ ӨНДІРУ ТӘРТІБІ

Заңнамалық актілерде не тараптар арасында жасалған шарттарда тікелей көзделген кезде сотқа дейінгі тәртіп міндетті болады. Қарызды өндіріп алудың сотқа дейінгі тәртібі: несие беруші борышкерге шағым хатын жібереді, онда талаптың мәні, негіздері, пайда болған берешектің негіздемесі және орындалу мерзімі көрсетіледі. Егер борышкер талапты елемеген және көрсетілген мерзімде борышты ерікті түрде қайтармаған немесе бас тартумен жауап берген жағдайда, онда кредитор берешекті сот тәртібімен мәжбүрлеп өндіріп алуға бастамашылық жасауға құқылы. Ескерту: сотқа дейінгі тәртіпті сақтамау талап қоюшы (кредитор) үшін талап арызды қабылдаудан бас тарту не талап арызды қараусыз қалдыру сияқты салдарға әкеп соғуы мүмкін.

Шарт бойынша берешекті мәжбүрлеп өндіріп алу бірнеше кезеңнен тұрады, олардың бірі соттарда талап қою ісін жүргізу, яғни берешекті сот тәртібімен өндіріп алу. Мәселен, берешекті өндіріп алу, егер тараптардың келісімінде өзгеше көзделмесе, жалпы юрисдикция соттарымен талап қою ісін жүргізу тәртібімен жүзеге асырылады. Сот талап арызды қабылдау, берешекті сот тәртібімен өндіріп алу рәсімін бастау үшін талап қоюшы арызды дұрыс жасап, өз талабы мен берешекті

нақты негіздеп, өндіріп алуға жататын тұрақсыздық айыбының (өсімпұлдың) сомасын дұрыс есептеп, сондай-ақ мемлекеттік баж сомасын да төлеуі қажет.

Ұсынылған дәлелдерді растайтын құжаттар: талап қоюшы мен жауапкер арасында қол қойылған азаматтық-құқықтық шарт, шартқа қосымша, қабылдау-беру, орындалған жұмыстың, өзара есеп айырысудың актісі, жүк немесе тауар құжаттары, шот-фактуралар, төлем тапсырмалары, хаттар, оның ішінде кепілдік хаттар және басқа да дәлелдемелер болуы мүмкін.

Азаматтық процестік кодекс нормаларына сәйкес, бірінші сатыдағы сотта іс жүргізудің бірнеше бөлімі бар, олардың бірі жеңілдетілген іс жүргізу және талап қою ісін жүргізу болып табылады. Өз кезегінде, оңайлатылған өндіріс бұйрық арқылы іс жүргізу және оңайлатылған (жазбаша) өндіріс деп бөлінеді.

Сот бұйрығын судья өндіріп алушының ақшаны өндіріп алу немесе борышкерден даусыз талаптар бойынша жылжымалы мүлікті талап ету туралы арызы бойынша сот талқылауынсыз Азаматтық процестік кодексінде көзделген төмендегідей негіздер болған жағдайда: «Нотариат туралы» занда белгіленген немесе шартта көзделген жағдайларда сотқа дейін реттеу тәртібімен нотариус куәландырған

Редакторлар кеңесінің төрағасы – директор
Жаныхмет АҒЫБАЕВ

Бас редактор **Айнұр СЕМБАЕВА**
Бас редактордың орынбасары **Шолпан ҚАРАЕВА**

Нөмірдің кезекші редакторы **Ерлік КЕБЕКБАЙ**

Меншік иесі:
«ЗАҢ» МЕДИА-КОРПОРАЦИЯ»
ЖАУАПКЕРШІЛІГІ ШЕКТЕУЛІ СЕРІКТЕСТІГІ

МЕНШІКТІ ТІЛШІЛЕР:

Нұр-Сұлтан Айша Құрманғали
8 707 851 91 13.
Алматы облысы Нұрбол Әлдібаев
8 701 357 66 84.
Ақтөбе облысы Жансая Есмағанбетова
8 705 398 62 83.
Жамбыл облысы Арсен Саттаров
8 705 808 14 31.
Маңғыстау облысы Жазира Әбіл
8 702 514 54 44.
Қызылорда облысы Гүлбану Мақажан
8 701 697 39 86.
Түркістан облысы Сабырбек Олжабай
8 701 385 72 75.
Шадияр Мекенбайұлы
87757335665

Шығыс Қазақстан облысы Талғатжан Мұхамдиев
8 747 746 49 82.

РЕДАКЦИЯНЫҢ МЕКЕНЖАЙЫ:

050012, Алматы қаласы,
Х.Досмұхамедұлы көшесі
68 «б»-үй.
Қабылдау бөлмесі:
292-43-43, 8 708 929 9874, zangazet.kz

E-mail: zanreklamaastana@mail.ru

«Заң газеті» аптасына 2 рет –
сейсенбі, жұма күндері жарық көреді.
Жеке таралым 8019 дана
Апталық таралым 16 038 дана

Тапсырыс №59 Индекс 65921

Газет Қазақстан Республикасы бойынша таралады

Газетіміздің электронды нұсқасын ZANMEDIA.KZ сайтынан оқи аласыздар.

Газет бетіндегі жарияланымдардың позициясы мен фактілері үшін редакция жауап бермейді.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауапты. Жарнама берушінің жіберген қателігіне байланысты талап-тілектер хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде қабылданады.

Газетті есепке қою туралы **№16297-Г куәлікті 2017 жылғы 12 қаңтарда** Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникация министрлігі берген.

Газеттің терімі мен бет қаттау жұмыстары «Заң» Медиа-корпорация» ЖШС компьютерлік орталығында жасалды. Алматы облысы, Іле ауданы, Өтеген батыр ауылы, Сейфуллин көшесі, 2«б», «Принт плюс» ЖШС баспаханасында басылып шығарылды. Тел.: факс. 8 (727) 51-78-27, 8 (727) 51-78-31